



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№51 (588)
19 желтоқсан,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



Ербол МЫЛТЫҚБАЙ:

МАҚСАТ ҚОЙҒАН АДАМҒА ШАБЫТ ҚАЖЕТ ЕМЕС

Аспаптық музыка – сөзсіз сөйлей алатын сезімдер тілі һәм жан жарасын жазатын құрал. Ол адамзат тарихында мыңдаған жылдар бойы рухани құндылық ретінде үлкен рөл атқарып келеді. Музыканың сөзсіз әсер ету құпиясы оның ерекше табиғатында жатыр. Әуен адам жүрегіне жол тауып, сезімдерді қозғауға қабілетті. Қай халықтың музыкасын алсақ та, онда бүтін бір ұлттың қайғысы мен қуанышы, тарихы мен мәдениеті, жүріп өткен жолы жатыр. Күй тыңдап, қазақтың кен даласын еріксіз елестетсек, симфония тыңдап, әлемнің ғажайып үйлесімділігін сезінеміз.

Осы орайда сан түрлі аспаптың тілін тауып, музыка әлемінің қыр-сырына қаныққан, таланты мен талабын ұштастырған дарынды жас, халықаралық байқаулардың жеңімпазы, сырбойылық Ербол Мылтықбаймен сұхбат құрдық.

– Өзіңіз туралы әрі отбасыңыз жайлы айтып берсеңіз. Музыкаға деген махаббат бала кезден пайда болды ма, әлде бұл қызығушылық кейін қалыптасты ма? Жалпы осы саланы таңдауға не түрткі болды?

– Әкем де, анам да мектепте жұмыс істейді. Қарындасым да өнерден алыс емес, жыршы-термеші. Қазір өз саласын нақты таңдау үстінде. Ал мендегі музыкаға деген махаббат бала кезде пайда болды деп айта алмаймын. Бастапқыда, яки бала күнімде ән айтуға қызылатынмын. Ең алғаш бірінші сыныпта «Жаса Қазақстан!» атты ән жарыққа шыққанда сол әнді орындадым. Ал аспаптық өнерге деген аса қызығушылық болған жоқ. Үшінші сыныбымда ата-анам ақылдаса келе музыка мектебіне береміз деп шешкен. Анам жыр-термеде оқығанымы қаласа, әкем баян аспабын үйренгенімді қалады. Шаңырақтың иесі әкемнің дегені болып, үшінші сыныптан бастап баян аспабын серік еттім.

5-бетте

ПИРОТЕХНИКА:

ҚАУІПСІЗДІК ҚАПЕРДЕ БОЛСЫН

Жаңа жылға аяқ басуға да сәл қалды. Бұл дегеніміз жуырда аспанға атылған отшашу мен жарылған пиротехниканың дауысы үйреншікті құбылысқа айналады. Мұндай көріністі мерекенің ажырамас бөлігі дегенімізбен, оның салдарын ескеруіміз қажет. Расында пиротехниканы дұрыс қолданбау адам өміріне қауіп төндірсе, құрамындағы химиялық элементтердің де қоршаған ортаға кері әсер ететіні анық. Әрине, балаға, бәлкім өзімізге ерекше эмоция сыйлау үшін отшашудың түр-түрін сатып аламыз. Дегенмен...

ОЙЛАНБАЙ ОЙНАҒАН ОНБАЙДЫ

Қояннан ұлуға бет бұрған жаңа жыл түнінде пиротехника бұйымдарынан 16 адам зардап шекті. Мәселен, Түркістан облысында биыл 1 қаңтарда 26 жастағы ер адамға медициналық көмек көрсетілді. Ол отшашу жағамын деп, білегін жеңіл жарақаттап алған. Ал Алматы қаласы бойынша 31 желтоқсан мен 1 қаңтар күні 12 адам пиротехникадан зардап шеккен, оның төртеуі бала. Жамбыл облысының да дәрігерлері әбігерге түскен екен. Ондағы екі адамның қолында петарда жарылған және екеуі де аурухана төсегіне таңылтуға тура келді. Ал былтыр мереке күндері Алматының өзінде 13 адамға аталған отшашу кесірін тигізген. Басым бөлігі күйік жарақатын алғанымен, бір науқастың көзіне зиянын тигізген еді.

Көздің жауын алатын көріністі тамашалаймын деп отшашу кезінде от басқандар мұнымен тоқтамақ емес. 4 қаңтар күні Алматыдағы балаларға шұғыл медициналық көмек орталығында пиротехникадан жараланған 5 бала емделді. Алматылық дәрігерлер отшашудан зардап шеккен 13 және 16 жастағы жасөспірімдердің қолын аман алып қалды. Мұнан бөлек Атырауда тұрғын үйдің сыртқы қабырғасы өртенді.

3-бетте

«СЫР ЖАСТАРЫ» СЫЙЛАҒАН 40 БАСПАНА

«Сыр жастары» – аймақта жыл сайын 100 жас отбасыны қамту мақсатында игеріліп жатқан өңірлік бірегей бастама. Ел тәуелсіздігі қарсаңында аталған бағдарламамен 40 жас отбасыға баспана тарту етілді. Олардың қатарында медицина, білім, бюджеттік мекеме қызметкерлері бар. Айтулы датада ұйымдастырылған салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, су жана тұрғын үйлердің кілтін табыстады.

2-бетте



ЕКПЕ АУРУ ТУДЫРМАЙДЫ

Жас ата-ана мен көпті көрген үлкендердің пікірі бала денсаулығына келгенде үйлеспей қалатыны рас. Бұрынғы мен бүгінгі сәби күтімін не айырмашылығы бар? Ал баланы екпеге апарарда ата-аналар неге ойланады?

Бұл сұрақтардың жауабын білмек үшін өз ісінің маманы, балалар дәрігері Айнұр Өтегеновамен сұхбаттастық.

– Айнұр Бауыржанқызы, кейінгі жылдары ата-аналар балаларына екпе салдыруға келгенде көп ойланатыны байқалады. Бұған не себеп болуы мүмкін? Екпені пайдалы екені белгілі, ал зияны не? Екпе туралы мифтерге тоқталып өтсеңіз...

– Бұған бірнеше себеп бар. Алғашқысы медицина қызметкерлері, яғни мейірбике не дәрігердің ата-анаммен, пациентпен дұрыс қарым-қатынас құра алмауы деп ойлаймын. Денсаулық сақтау саласының өкілі адамның екпеге не себепті қарсы екенін нақтылап, дәлелді ақпарат көздеріне сүйене отырып, екпенің маңыздылығын жеткізе алуы керек.

Мұнан кейінгі себеп медицина қызметкерлерінің білімінің төмендігі дер

едім. Өйткені медициналық жоғарғы оқу орнын оқыған кезде, өкінішке қарай, вакцинация бойынша толыққанды сабақтар өткізілмейді. Бірнеше апта «амбулаторлық емхана» деген сабақ өткізілгенімен, вакцинация туралы аз айтылады. Бір-екі күндік оқу білім болып сінбейді ғой. Сондықтан дәрігерлерге екпе байланысты білім жеткіліксіз әрі олардың көбі университеттен кейін қосымша ізденбейді деуге болады.

4-бетте



Қазір бұлдіршіндер телефон мен теледидардағы контенттің құндылықты көрермені. Соның салдарынан сөйлеу қабілеті дұрыс қалыптаспай жатқан бала көп. Бала тәрбиесіндегі ең басты міндеттердің бірі – оның айналасындағы ақпарат пен контентті сүзгіден өткізіп, сапалы білім мен тәрбиенің берілуін қамтамасыз ету. Ал бұл критерийге қазіргі ата-ана қаншалықты сай?

Балалар контентіне БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

БАЛАНЫ ЖАСТАН...

Баланы ғаламтордан тыйып тастау қиын, бірақ онсыз баланы ырқына көндіру де оңай емес. Әсіресе, бала әлі кішкентай болса. Міне, осы сөзден бастап баланың сөйлеу қабілеті де, оның әлемді қабылдау түсінігі де өзгеріске ұшырайды. Ағаттық жасаған ата-ана мұны кеш түсінеді. Статистикаға көз жүгіртсек, қазір Қазақстандағы әрбір төртінші бала күніне 3-4 сағат уақытын телефон немесе планшет алдында өткізеді. Бұл үрейлі дерек, себебі мұндай ұзақ уақыт экран



алдында отыру баланың сөйлеу қабілетіне тікелей әсер етеді.

2-бетте

Басы 1-бетте



– Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін мерейлі мереке аясында аймақ жастарына бес қабатты тұрғын үй пәтерлерінің кілтін салтанатты түрде табыстаудамыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді ғана бастаған жастар бірден пәтер сатып ала алмайтыны түсінікті. Жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау керек. Бұл – мемлекеттің басты міндетінің бірі» деп атап өтті.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар халқымызда. Өз кезегінде бағдарламаны бірлесіп жүзеге асыру үшін «Отбасы банк» 500 млн теңге қаржы бөлді. Мамыр айында 60 жас отбасы баспаналы болды. Бүгін міне 40 пәтердің кілтін табыстаймыз. Бұл

қоныстой – басталған жұмыстың жалғасы. Бағдарламаға келесі жылға да облыстық бюджеттен қаржы қаралды.

Шаньрақтарыңыз балалармен барарлы, құтты қонақтарымен ажарлы болсын! – деді облыс әкімі.

Бағдарламаға шартына сәйкес, жобаға 18-35 жас аралығындағы азаматтар қатыса алады. Несиелеу мерзімі – 19 жылды, пайыздық мөлшерлеме – 5%-ды құрайды. Медицина, білім, мәдениет, қаржы, спорт, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары, журналистика, әлеуметтік сала мамандары, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдары, екінші деңгейлі банктер, құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының мамандары өтінім бере алады.

«СЫР ЖАСТАРЫ» СЫЙЛАҒАН 40 БАСПАНА

– Қызылорда қаласында қолға алынған «Сыр жастары» бағдарламасының арқасында 3 бөлмелі пәтердің иесі атанды. Қуанышымызда шек жоқ. Барлық жағдай жасалған жаңа пәтер көңілімізден шықты. Осы орайда облыс әкіміне алғысымызды білдіргім келеді. Жастарға баспаналы болуға мүмкіндік жасап, халыққа қолдау көрсеткеніңіз үшін көп рақмет! – дейді баспаналы болған қала тұрғыны Айғаным Мырзаева.

Айта кетейік, 2022 жылдың желтоқсан айында өткен облыстық жас-

тар форумында жастардың баспана мәселесін шешу мақсатында алғаш рет «Сыр жастары» бағдарламасы іске қосылды. Облыстық бюджеттен «Отбасы банк» арқылы 1,2 млрд теңге бөлініп, жылына 100 жас отбасын баспанамен қамтамасыз ету жоспарланған еді. Аталған жоба әрі қарай да өз жалғасын таба бермек.

Сондай-ақ өңір әкімі бейбітшілік мерекесінің қарсаңында «Руханият жылы» аясында мәдениет саласының қызметкерлеріне алғаш рет 40 қызметтік жаңа баспананың кілтін табыстады.

Баспаналы болу – бақыт. Ал «Сыр жастары» бағдарламасы Қызылорда өңірінің жас отбасылары үшін баспаналы болудың тиімді жолын ұсынып қана қоймай, қоғамдағы жастарды қолдаудың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау жастарға үлкен мүмкіндік беріп, олардың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді деп сенеміз.

«АЖ» ақпарат



Фото: Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Басы 1-бетте

БАЛАЛАР КОНТЕНТІНЕ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Ең алдымен мына сауалға жауап ізделік: «балалар контенті туралы не білеміз?». Ғаламторда, әлеуметтік желілерде сан алуан материал бар. Бірақ оның көпшілігі дерлік тек ойын-сауыққа бағытталған, тәрбиелік тұрғыда беретіні аз. Жан-жақты дамып, өзіндік көзқарасы қалыптасуы тиіс бүлдіршінің ой-өрісі сол көрген дүниеге сай болып қалыптасады. Балаға немқұрайлық танытқан жағдайлар салдары бүгінде көз алдымызда көрініс тауып жүр. Дәрігер есігін то-руылдап, «баламды қайтсем сөйлетемін?» деп маңдайы тасқа тиген әке мен шешенің мұны жүректі қынжылтпай қоймайды.

Педагог-психолог Айтолқын Ақынбаева балалардың сөйлеу қабілетіне әсер ететін басты фактор ретінде ғаламтордағы контентті атады. Оның пікірінше, ата-аналар ғаламторды еркін қолдануға мүмкіндік берген кезде бала шынайы өмірден шет қалады.

– Иә, қазір өкінішке қарай, сөйлеу қабілеті кеш дамыған балалардың саны артпаса, кемімей тұр. Оның бірден бір себебі ретінде гаджеттің шектен тыс көп қолданыста болуын, ұзақ уақыт баланың теледидар алдында отыруын айта аламыз.

Қалыпты жағдайда бала 1 жастан асқанда кемінде 10 сөзді айта білуі керек. Алайда қазір бұл сөздік қор тек 2-3 жастағы балаларда жиі кездеседі. Соған сәйкес баланың ойлау қабілеті де баяу дамиды.

Әлеуметтік желі толыққанды дамуға кедергі болмаса, балаға әсте қажетті құрал емес. Бүлдіршінің дұрыс өсуіне шынайы қарым-қатынас негізгі құрал. Мейлінше оның тамашалайтын контентін саралап, жас ерекшелігіне сай аз әрі шектеулі уақытпен бергеніңіз дұрыс.

Баланың дұрыс дамуы үшін ең маңызды дүние – оның қоршаған ортасы мен қарым-қатынасы. Әр түрлі жас кезеңдерінде балалардың негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, олардың қарым-қатынасын ойын арқылы орнату ең тиімді әдіс. Ата-ана баламен байланыс жасағанда, оған барлығын ерте жастан толық түсіндіріп, қажет болған жағдайда көрсете білу керек. Дұрыс коммуникациялық байланыс орнатуға дағдыландыру маңызды. Бұл әрекеттердің барлығы болашақта ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың берік әрі дұрыс қалыптасуына кепіл болады, – дейді маман.



ABC емес, «А,Ә,Б»!

Бала түрлі бейнероликтерді тамашалайды. Бүлдіршінің «a,b,c,d,e,f,g,...» деп әріп тізбектерін әндете айтқан көріністің талай рет куәгері болған шығарсыз. Әсіресе ғаламтордағы шетелдік контент қазақ тіліне қарағанда орыс тілінде немесе ағылшын тілінде көбірек таралатындықтан, қазақ тілінде сөйлеу қиындық туғызады. Қазақ тілді контент әлі күнге дейін аз болғандықтан, салдарынан сөбидің ана тілін еркін меңгеріп кетуі ескітеді. Тіпті қазақ тілді туындыны тамашалағанның өзінде, отандық материалдардың да кемшін тұстары жеткілікті.

Бір жағынан бұл үлкен артықшылық, себебі қос тілді немесе көптілді балалардың мыны белсенді жұмыс істейді. Алайда егер тілдік балансты сақтама, келешекте қиындық туғызбасына кепіл жоқ.

– Баланың екі тілді ерте жастан меңгеруі өте пайдалы. Десек те ата-ана келесі мәселеге назар аударуы қажет: бала сол тілді қарым-қатынаста қолдана ала ма, оның танымдық процестері жас ерекшелігіне сай дамып келе ме? Мәселен, қабылдау, зейін, түсіну секілді процестердің қалыптасуына аса мән беру маңызды.

Қазіргі кезде көптеген балалар тілді жаттанды түрде меңгереді. Бірақ оны күнделікті

өмірде, қарапайым қарым-қатынаста қолдануға киналады. Осы тұрғыда ата-аналар балалардың тілді меңгеруі танымдық процестермен бірге дамып жатқанын басты назарда ұстауы керек, – дейді педагог-психолог Айтолқын Болатбекқызы.

Иә, тілге қатысты мәселе өзекті. Себебі мұнымен күресуге көп ата-ана ынталы еместей көрінеді. Баланы дағдыландырудың орнына, оның ығына көніп, орыс мектебіне беруді жөн көретін «еріншек» ата-ананың көбеюі қазақ тілінің тарихына сызат түсіретінін естен шығармайық. Сондай-ақ ғаламтордағы балалар контенті қаншалықты цензураның? Осы сауал бойынша мұғалім, сондай-ақ Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «ТІМАҚОРДА балалар технопарк» бөлімінің меңгерушісі Мақсат Серікбаевпен тілдескен едік.

– Кезінде «Балапан» телеарнасында балаларға арналған контент жүйелі қолға алынып, біршама жұмыс атқарылды. Кейіннен гаджет қолданысқа еніп, бүлдіршілер ағылшын, орыс тіліндегі контенттің көрермені бола бастады. Ерте тілі шыққан баланың алғаш айтқан сөзі ана тілінде емес, осы шетел тілінің сөзі бола бастады.

Әуеліде «Балапан» телеарнасының көріп өскен балалардың алды бүгінде 8-11 сынып-

та оқып жатса, оларды таза әрі сауатты қазақ тілінде сөйлей алады деп нақты айта аламыз. Себебі «Балапан» телеарнасының мақсаты сол еді.

Әрине, телефонға телміріп өскен баланың басқа тілде сөйлейтіні бесенеден белгілі. Мұны тілдік құлдырау деп қабылдай алмаспыз. Кейбір ата-ананың түсінігі бойынша бұл қуантарлық жағдай. Дегенмен өз ана тіліміздің шұбарлануына әкеліп жатқанын ескере бермейміз. Сол себепті қазақша контентті қолға алсақ, тіліміздің мәртебесін көтереміз. Өз басым қазақ балаларының тілі шетел тілінде шыққанын қаламаймын.

Цензураға қатысты айтатын болсақ, ата-ана көбіне баласына өзінің ұялы байланыс құрылғысын ұстата салады. Ал ондағы әлеуметтік желіде түрлі материалдың бары рас. Бейәдеп лексикон қолданылған бейнеролик, фильмдерден үзінді видеолар баланың жадында сақталып қалады. Ересек адам ақпаратты саралай алатын болса, бүлдіршінің ақ-қарасын ажырата алмайды. Сол себепті қадағалау маңызды. Кейбір жарнамалар балалардың жас ерекшелігін елемейді. Әрине, сананы нарық билеп тұрған шақта кейбір дүниелерге тоқтау бола алмаймыз. Десек те балалар тамашалайтын телеарнаға, ресми сайттар мен әлеуметтік желідегі парақшаларға мемлекет тарапынан бақылау мықты болу керек, – дейді Мақсат Ерланұлы.

Балалар телефонға тәуелді болып өссе, бұл оның психикасынан да айқын көрініс табады. Жасқаншақ, ынжық, коммуникациялық қабілеті мен әлеуметтік дағдылары нашар болады. Ана мен әкенің ақылна құлақ аспай, ашушаң болмасына да еш кепілдік жоқ.

Қорытындылай келе, қазақтың «баланы бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса. Ал он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» деген нақыл сөзін мысалға келтірсек, бүгінгі жас ата-ана осы асыл сөздердің құндылығын ұмыт қалдырған секілді. Біз тоқталған балалар контенті, шектеулер мен ескертулердің бала тәрбиесінде ойнайтын рөлі басым.

Психолог айтып өткендей, бүлдіршінің шынайы қарым-қатынас керек. Ал ғаламтордағы ақпарат шынайы өмірдегі тәжірибені алмастыра алмайды.

Нұршат НЫШАНОВА



Басы 1-бетте

ПИРОТЕХНИКА: ҚАУІПСІЗДІК ҚАПЕРДЕ БОЛСЫН

Әлемдік мысалдардың да хәлі жақсы емес. От шашқан ғана емес, өнімді тасығандар да зардап шегуде. Ресейде отпашу тиелген жүк көлігі жол апатына ұшырап, салдарынан 3 адам оқиға орнында мерт болды. Нидерландыда қолдан жасалған отпашудан 12 жастағы бала қайтыс болды. Ал 2021 жылы Жапонияның Отару қаласында отпашулар шығаратын зауытта өрт шықты.

Хош. Сандарды сөйлетіп, қорқытпаса амал жоқ. Бірақ отпашудың ойын емес екенін айқындайтын дәлелдер тізбегі мұнан да көп.

«Қайсар қыз» деп танылған қазақстандық блогер Римма Асқарова 11 жасында отпашудың кесірінен көзін жарақаттап алған.

11 жасымнан бастап отпашуға жақындалмаймын. Өйткені денсаулығымға зардабы көп болды. Танымайтын адамдар көзімді көріп, туа бітті ауру екен деп ойлап жатады. Көбінің көкейінде «бұл қалай болған?» деген сауал туындайды. Негізі олай емес. Бұл оқиғаны жазатайым болды деп қабылдадым. 11 жасымда, 6 сынып оқитын кезімде жаңа жыл қарсаңында отпашу шашырап, содан көзімнің беткі пердесі күйіп, осы жағдайға түстім. Бірақ ол кезде қабақ, кірпігім ашылмай, көзім түгел жабылып қалды, – деді Римма сұхбаттарының бірінде.

Зденіс барысында Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өткен жылғы есебін көзіміз шалды. Былтыр қаңтар мен қараша аралығында 231,1 тонна, құны 663,9 мың АҚШ долларын құрайтын отпашу импортталған. Оның ішінде петарда, фонтан, отпашу батареялары, бенгаль оты, түрлі-түсті түтін, жер үсті отпашуы мен басқа да тұрмыстық пиротехникалық заттар бар. Ал негізгі импорттаушы – Қытай. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда әдеуір көп. Себебі ол уақытта 159,4 тонна, құны 448,9 мың АҚШ доллары болатын отпашулар жеткізілген.

Сондай-ақ былтыр 16 мыңнан астам пиротехникалық бұйым тәркіленді, бір аптаның ішінде 842 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал жыл басында ұйымдастырылған рейдтік шараларда аталған өнімдерді пайдалану тәртібін бұзғаны үшін 10 күнде шамамен 40 миллион теңгеден астам айыппұл салынған.

Ойлаңызшы, 40 миллион теңге айыппұл... Бұл заңсыз пиротехникалық бұйымдардың көп екенін көрсетеді. Расымен қазір бұл бұйымдар жасқа да, балаға да қолжетімді.

Күн суып, қар түскен бойда дүкендерде петарда сатылымға шығады. Оның бағасы да қолжетімді екен. 3 ұлым бар. Өткен жылы осындай жарылғыш ойыншықпен ойнап жүргендерін алғаш көріп, аң-таң болдым. Сонда дүкен иелері 10 жасар балаға еш уайымсыз мұндай заттарды сата бере ме? Балаларыма мұның дұрыс емесін, тек үлкендердің көмегімен қолдану керек екенін түсіндірдім. Дегенмен бәрібір де уайымдаймын, – деп алаңдауымен бөлісті қала тұрғыны Мира Абайқызы.

Былтыр әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 196-бабына сәйкес, пиротехникалық бұйымдармен заңсыз сауда жасағаны үшін 25 АЕК немесе 86 250 теңге, отпашуды қолдана отырып, жеке тұлғалардың тыныштығын бұзғаны үшін 69 мың теңге көлемінде айыппұл салынған.

Отпашу сән, қызық екенін түсінемін. Бірақ оның да реті болу керек. Быыл қаңтардың ортасында түнгі 03.00 шамасында бір топ жас бала отпашу жағып, ауланы той алаңына айналдырды. Әрине, бірден полиция қызметкерлерін шақырды. Мұндай

бассыздық осы мерекеде болмаса екен дейміз, – деді 72 жастағы Әсия әже.

Отпашуға жұмсалатын қаржының ауқымынан бөлек оның зардабы туралы дабыл қағатындар көп. Ерікті Нұрбол Нұрланұлының айтуынша, Ливанның Чекка қаласында тұрғындар 129 мың бөтелкеден биіктігі 28,5 метрлік шырша орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына кірген. Бұл экологиялық тұрғыда қауіпсіз өрі тиімді дейді.

2018 жылы Бейжіңде, Шанхай мен Гуанчжоуда жаңа жылда отпашуға тыйым салынды. 2019 жылы Бейжіңде отпашудың орнына дрон шоуы ұйымдастырылды. Қаржылық есеп бойынша едеуір шығын келсе де, бұл пиротехниканың зиянын азайтады. Гиннестер рекордына енген бөтелкеден жасалған шырша да ерекше атап өтуге тұрарлық жоба.

Отпашу секілді түрлі жарылғыш заттарда органикалық заттар бар. Ауада ұзақ уақыт тұрып, адамның денсаулығы мен тіршілікке зиян әкеледі, – деді ол.

ОТПАШУДАН ОТПЫҚПАСЫН ДЕСЕҢІЗ

Жылдар бойы санаға сіңіп, мәдениет яки дәстүрге айналған отпашуды бір мезетте алып тастау мүмкін емес. Мұны сіз де, біз де білеміз. Дегенмен «Сақтансаң, сақтаймын» деген бар ғой. Сондықтан ойыннан от шықпасын десеңіз сала мамандары ұсынатын қауіпсіздік шараларын сақтаған жөн.

Көп жағдайда қарапайым әрі танымал көрінетін пиротехникалық құралдарды қолдануда салғырттық танытатынымыз рас. Бірақ әр бұйымның өзіндік ерекшеліктері бар екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан ең алдымен әр бұйымға қоса берілетін нұсқаулықты мұқият оқып шығу қажет. Сондай-ақ фитильді қол созым ара қашықтықта тұтандыру керек. Бұл сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етіп, жазатайым оқиғалардың алдын алады. Ал пиротехникалық бұйымды қолдану барысында кемінде 20 метр қашықтықта тұруы тиіс. Бұл арақашықтық құралдың жарылыс әсерінен болатын ықтимал қауіптен қорғайды.

Қауіпсіздікті толық қамтамасыз ету үшін бірнеше іс-әрекетке қатын тыйым салынады. Жанып жатқан немесе тұтанған пиротехникалық бұйымды қолда ұстауға болмайды. Егер бұйым тұтанбай қалса немесе жанып біткен болса, оған қарау өте қауіпті. Себебі ол кез келген сәтте жарылуы мүмкін. Пиротехникалық бұйымдарды жабық ғимараттың ішінде қолдануға қатаң тыйым салынған. Мұндай жағдайда өрт шығу қаупі өте жоғары. Бұйымды адамдар тұрған немесе жүретін аймаққа бағыттауға болмайды. Сондай-ақ пиротехникалық бұйымдарды сатып алу кезінде аса сақ болған жөн. Қолдан сатып алынған, қаптамасы зақымдалған немесе сақтау мерзімі өтіп кеткен бұйымдар үлкен қауіп төндіреді. Мұндай өнімдер жиі сапасыз болып шығып, күтпеген оқиғаларға әкелуі мүмкін.

Ал егер көзге бөгде бөлшектер түссе көздің шырышты қабығын бөлме температурасындағы қайнаған сумен көп мөлшерде шайып, көзге таңғыш қою керек. Бірақ жазатайым оқиға далада болса, орамал немесе шүберек қолданып, көзге тағу жеткілікті. Олар болмаса, қалпақты көзіңізге тартуға немесе қолмен жабуға болады. Ал ең бастысы шұғыл медициналық көмекке жүгіну қажет.

Айта кету керек, сертификатсыз,



лицензиясыз пиротехникалық жарылғыш заттар мен фейерверктерді сатқан кәсіпкерлерге және ереже талаптарын сақтамаған азаматтарға заң талаптарына сәйкес тиісті шара қолданылады.

254 ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМ ТӘРКІЛЕНДІ

Желтоқсанның бесінен бастап заңды және жеке тұлғалардың пиротехникалық өнімдерді сақтау, сатып алу, тасымалдау тәртібінің сақталуын тексеру, сертификатталмаған өнімді жеткізушілерді анықтау, осы өнімдердің салдарынан болатын төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында республика көлемінде «Пиротехника» жедел профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылды.

Қазір облыс бойынша жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар өтетін 523 объектінің тізімі нақтыланды. Департамент қызметкерлері барлық іс-шара өтетін орындардың өрт қауіпсіздігі жағдайына тексеру жүргізіп, нәтижесінде 119 өрт қауіпсіздігін бұзушылығы анықталып, жою үшін нұсқама берілді. Қажеттілігіне қарай кей нысандарда кезекшілік жұмыстары ұйымдастырылады. Одан бөлек, облыс бойынша жаңа жылдық кештер ұйымдастырылуы мүмкін кафедралар мен мейрамханалар тізімі жасалып, кәсіпкерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – деді облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков.

Шара барысында 12 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 254 дана пиротехникалық бұйым тәркіленген.

Ал Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ғабит Бабаев «тұрғындардан пиротехникалық бұйымдарды сатып аларда өнімнің сертификатталғанына назар аударуын сұраймыз» дейді.

Мереке қарсаңында пиротехникалық бұйымдарды қолдану кезінде өрт оқиғаларын болдырмау және жарақат алу жағдайларының алдын алу мақсатында профилактикалық шара ұйымдастырылып, кәсіпкерлерге өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Міндетті түрде пайдалану нұсқаулығын мұқият оқу қажет. Сондай-ақ тұтандырылған пиротехникалық бұйымдарды қолда ұстауға, бөлме ішінде, қауіпті аймақта пайдалануға, адамдарға қарай бағыттауға, тұтанбай қалған жағдайда оны қарау үшін еңкеюге мүлде болмайтынын еске саламыз, – деді ол.

МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ КҮЙ ӨЛДЕ АҚШАНЫ АУАҒА ШАШУ

Жаңа жыл немесе басқа да мерекелерде бірнеше минуттық «уау» эффект үшін миллиондаған қаржы жұмсалады. Отпашулар шынымен қажет пе, әлде бұл дәстүрден гөрі сәнге айналған әдет пе дерсіз. Ендеше қаржылық есепке зер салсақ.

Елдегі әр аймаққа қысқы қала-шахтар салынады. Быыл Астанадағы жанажылдық безендіруге 700 миллион теңгеге жуық қаржы жұмсалады екен. Ал Шымкент қаласы жалпы жаңа жылдық безендіруге қала бойынша 80 миллион теңге бөлген. Бұл жөнінде Шымкент қаласының әкімі брифинг барысында да айтқан еді.

Бес ауданның әрқайсысына 16 миллион теңгеден түседі. Біз бұл шешімді қабылдаған кезде былтырғы қолданған жасанды шыршаларды қайта қолданамыз дедік. Былтырғы заттарды пайдаланамыз. Екіншіден тағы да қосымша іс-шара өткізер болсақ, демеушілердің көмегімен өткіземіз, – дейді Ғабит Сыздықбаев.

Апта басында Қызылордада шырша шамы жағылды. Айта кетейік, биыл шаһарда жаңа жылдық шыршаны орнатуға ешқандай қаржы бөлінген жоқ. Оның орнына өткен жылы пайдаланылған жасанды шырша қойылды. Ал мерекені тойлау мақсатында Қызылорда қалалық бюджетінен 7,1 миллион теңге бөлінген.

Сондай-ақ Түркістанда бірнеше жылдан бері жаңа жылдық шыршаға қаражат қарастырылмайды. Мерекелік іс-шараларға демеушілер тартылады. Ал орталық алаңға арнайы шырша сатып алынбайтын көрінеді.

Батыс Қазақстан облысы өткен жылы отпашуға 34 миллион теңге қарастырса, биыл 12 аудан мен 1 қаланы безендіру жұмыстарына 28 миллион теңге бөлген. Бұл аймақтар да қолда бар шыршаны қолданады екен.

Бізде мен бұл қызметке келгенге дейін сатып алынған шыршалар бар, соларды биыл да қолданамыз. Сәйкесінше, жыл сайын жаңа шырша сатып алып жүрмейміз. Отпашуды да осы 28 миллион теңгеге сатып аламыз. Сонымен қатар осал топтан шыққан балаларға табыстатын сыйлықтар алынады. Жыл сайын мұқтаж және ерекше балаларды қалаға шақырып, іс-шара өткіземіз. 12 аудан мен 1 қалаға бөлгенде бұл қаржы түк емес, – деді Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев.

Жаңа жылда Павлодар қаласы 52 миллион, Екібастұзға 38 миллион теңге жұмсаса, Атырау қаласының безендірілуіне 67 миллион теңгеге жуық қаржы бөлінеді.

Қаржыға бет бұрған екенбіз, пиротехникалардың қазіргі құнын бақылап көрдік. Баршаға қолжетімді, қалағаныңды таба алатын «OLX»-те «Хит продаж» жүріп жатыр екен. Бағасы әртүрлі. Петардалар 900 теңгеден басталса, отпашу көлемі мен күшіне қарай өсе береді. Ал қарапайым дүкендерде оқушылар петарданы 300 теңгеге сатып аламыз дейді. «Almaty-salut» онлайн дүкенінде отпашудың үлкені 15 мың теңгеден басталады. Егер оның 30 метрге дейін ұшып жарылғанын 90 секунд аралығында тамашалығыңыз келсе «Vip-100» деген түрін аласыз. Ал мұны сатушылар 120 000 теңгеге бағалап отыр.

«ҚАЗАҚ ОТТЫ ЖОҒАРЫ КӨТЕРМЕГЕН»

Қазақ халқы ерте заманнан отты құдіретті күш, тылсым ретінде қабылдаған. Оны тек қажет болған жағдайда, аса сақтықпен пайдаланған. Мысалы, отты ошақтан шығармау туралы ырымның өзі қауіпсіздік үшін ғана емес, адамның тағдырын, табиғаттың заңдылығын құрметтеуден туындаған. Бірақ бүгінде бұл салт-сана өзгеріп, оттың символикасы бір сәттік көңіл көтерудің, сән-салтанаттың бір бөлігіне айналғанды.

Ежелде елге шапқан жау үйлерді өртеу үшін отты аспанға көтерген. Міне, жалынды жоғары көтеру тек жаудың іс. Сондықтан қазақ «отты жоғары көтерме» дейді. Ал қазір сол отты төбемізде «атып» жатырмыз. Бұл бір тылсым арқылы жамандық алып келеді деген сөз емес, бірақ аса қауіпті. Қанша қаржыны отқа жағып жатқан жастар бір сәттік қызық үшін алапат алапатты қолдан жасауда. Ал екіншіден, ысыраптың нағыз өзі.

Бұл ретте «отпен аластау бар емес пе?» деп қателесетіндер бар. Бірақ ол түтетпемен аластайды. Көзі тіген адамның киімімен, адыра-спан, арша, емен секілді ағаштардың жапырақ, қабығымен аластайды. Соларды бықсытып жағып, соның түтінін аластауға пайдаланады. Отпен аластағанның өзінде де оны басына асыра көтермеген.

Қазақта түрлі әфсана бар. Сол арқылы саналы ұрпақ тәрбиеленген. «Бармақ» хиссалар жинағында Адам ата мен Хауа ауаның жерге түскен сәтінде олармен бірге Алланың түрлі жаратылыстарының қоса түскені айтылған. Оның ішінде тозақтан да бір ұшқын түскен. Сол кезде жәбрейіл: «Әй, Адам, бұл от сені азғырған шайтанның нәсілінен. Оған еге бол, аса сақ бол, назарыңнан айырма. Болмаса ол жер бетіндегі жұмақ жемісінің барлығын жоқ етеді. Әсіресе балаларың арқылы шайтан өз демін үрлейді» деп айтқан, – деді дәстүртанушы Сәкен Алдашбаев.

Бұл ретте 19 жастағы «А» есімді студент отпашудың адамға қуаныш әкелетінін айтады.

Бенгаль оты, түрлі-түсті түтін, аспандағы отпашу меніңше, бұл соншалықты глобалды мәселе емес. Мерекелер мен түрлі іс-шаралар кезінде отпашулар мен фейерверктер адамға қуаныш әкеледі, көңіл-күйін көтереді. Егер пиротехникалық өнімдердің қолданылуын тым қатты шектесек, халықтың қажеттіліктерін ескермейміз. Әрине, экология маңызды, бірақ адамның қалауын да назардан тыс қалдырмауымыз керек, – деп пікір білдірді.

Ал 24 жастағы қала тұрғыны өзінің оқиғасымен бөлісті.

Кейінгі жылдары ғана отпашудың қауіпті екенін көзім жетті. Бұған дейін достарыммен жиналып, көп мөлшерде пиротехникалық заттарды салып алатынбыз. 2 жыл бұрын отпашу өзіме атылып, жарақат алдым. Атам да аспанға от атпау керек деп жиі айта-тын. Мұның мәнін енді түсінгендеймін, – деді Азамат Искендіров.

ТҮЙІН. Болары болып, бояуы сіңгеннен кейін емес, оқыс оқиғаның алдын алу үшін пиротехниканың қауіп мен сақтық шаралары жөнінде жазуды жөн көрдік. Есіңізде болсын, қауіпсіздік өз қолыңызда!

Әлия ТӘЖІБАЙ



ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Бегім-ана» мәдени-қайырымдылық қоры (БСН 111040011466) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Астана даңғылы 42 үй. Байланыс тел.: 8 705 259 37 13.

Басы 1-бетте

ЕКПЕ

АУРУ ТУДЫРМАЙДЫ

Тағы бір себеп медицина қызметкерлері тарапынан ақпараттандыру жұмыстары өте нашар. Байқадыңыз ба, әлеуметтік желіде кімдердің контенті басым? Медициналық білімі жоқ блогерлер мен биологиялық белсенді қоспа (БАД) сатушы адамдар жүргізген контенттің қаралымы көп.

Екпенің маңызын дәлелді ақпаратпен, қарапайым тілмен түсінікті жеткізе алатын дәрігер аз. Екпелеу тақырыбын дәрігерлер аса қозғамайды. Себебі бұл көп ата-ананың қарсылығын тудыратын, хейт жинайтын ақпарат. Сондықтан аулақ жүреді. Бірақ ол дұрыс емес. Қазір пайдалы ақпараттан гөрі, екпеден бас тартқызатын контент көп.

Медицина қызметкерлерінің вакцинаға қатысты білімі төмен болғандықтан, алдына келіп тұрған пациенттің кез келген жағдайына қатысты екпеден босату туралы (медтовод) жалған анықтама береді. Негізі шынайы түрде екпеден босатуға себеп өте аз. Мысалы, балада жедел аурулар – температураның қатты көтерілуі, ангина, ЖРВИ болуы мүмкін. Ол уақытша ғана қарсы көрсеткіш. Баланың жағдайы жақсарғаннан кейін екпелеуге болады. Екінші қарсы көрсеткіш, егер балада қандай да бір екпеден анафилактикалық шок болған болса. Мысалы, балаға АБКДС-тің бірінші дозасын жасағаннан кейін 1-2 минут ішінде анафилактикалық шок, яғни қатты аллергиялық реакция болуы мүмкін. Басқа препараттарға немесе тағамдарға туындайтын АШ карағанда екпелерге дамитын АШ саны әлдеқайда аз, өте сирек кездеседі: 1 млн егілген дозаның ішінде тек 1-2 жағдай ғана кездеседі.

Бұл екпе 4 дозадан тұрады, бала біріншісін ескеннен кейін анафилактикалық шок алса, келесісін алмайды. Басқа екпе егіледі.

Анафилактикалық шок қай екпеге дамыды, тек сол екпеден мәңгіге босатамыз, ал басқа екпелерді бала ала береді.

Екпеге мұндай қарсы көрсетілмдер созылмалы аурулар кезінде де байқалады. Созылмалы аурудың өзі «өршу» және «ремиссия» сатысынан тұрады. Өршу сатысында клиникалық көріністер байқалады. Айталық атопиялық дерматит кезінде балада бөртпелер шығып, денесі қыши бастайды. Бұл – өршу кезеңі. Бірақ денедегі бөртпелер кетіп, клиникалық белгілер жоғалған, яғни ремиссия кезеңінде екпе алуға болады.

Бір жасқа дейін екпені баланың санына, бір жастан кейін нығыз жасайды. Атопиялық дерматит кезінде баланың денесінде бөртпе болғанымен, нығызда жоқ болса, ондай кезде екпе ала беруге болады.

Бала менингитпен ауырса, ауыр қабынумен жүретін ауру кезінде бала 6 айға дейін екпеден босатылады. Бірақ одан кейін ала беруге болады. Өршуге бейім неврологиялық аурулар кезінде балаға екпе екпейміз. Толықтай ремиссияға түскеннен күтеміз.

Онкологиялық ауруы, иммун тапшылығы бар адамдарға тірі екпелерді алуға болмайды. Бірақ біздің елімізде кез келген ауруға бола екпеден босату туралы жалған шешім шығару (медтовод) жиі кездеседі. Гемоглома, аллергиялық аурулар, мысалы тамаққа аллергиясы болса, барлық екпеден бас тартуға рұқсат береді. Кересінше мұндай аллергия болса, екпе алған дұрыс. Себебі, аллергиясы бар балалар көкжөтел, қызылша сияқты ауруды жұқтырып алса, өте ауыр емделеді. Тыныс алу жолдары, иммунды жүйесі бірден қозып кетеді. Аллергиялық ауру, психиатриялық жағдайлар екпелеуге қарсы көрсеткіш емес. Бала мерзімінен бұрын туылса, тілі кеш шығып жатса, екпеден босатуға шешім шығарылады. Сондықтан ата-ана да екпе салдыруға асықпайды. Соның әсерінен кейінгі екі жылда көкжөтелмен ауырған бала көп болды.

Екпелеуге қатысты ең көп таралған мифтің бірі – бала ДЦП, аутизм болып қалады деген түсінік. Бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшамда да толығырақ жаздым.

Бала дүниеге келгесін аутизм, ДЦП бірден көрініс бермейді. Ол 1 жасқа толған кезде байқалады. Ал ол уақытқа дейін бала екпе алады. Ата-ана баласынан осындай ауру анықталса, кінәлі адамды, жағдайды іздей бастайды. Әр адам өзінен кінә іздемейді. Мысалы, жүкті кезде дәрумен жетіспеуі, жүктілікке, босануға дайындалмау, бала туылғасын сарғыштықпен ұзақ жатып қалуы, генетикалық аурулар себебінен, 5-6 айлық кезінде құлап, жарақат алуы салдарынан да осындай ауру дамуы мүмкін. Бірақ ата-аналар бұны ескермей, басқа себеп іздей бастайды. Екпелеу ДЦП-ға алып келе алмайды. Себебі екпе құрамында тірі екпе болса да, толыққанды қоздырушы жоқ. Ал өлі екпенің құрамында антиген бар. Екпе ауру тудырмайды. Аутизм диагнозы 2 жастан кейін қойылады. Оған дейін белгілер байқалмайды. Ал оның дамуына әкелетін себеп өте көп.

Байқайтын болсақ, Tiktok, Instagram желісінде биологиялық белсенді қоспалар (БАД) сатушы блогерлер екпелеуді жамандап, қате көзқарас қалыптастыруда. Олар өздерін «интегративті

дәрігерміз» деп атайды. Оларға вакцинацияны жамандау қаржылық тұрғыда тиімдірек. Себебі олар екпеге қатысты ойға кіріп-шықпайтын жалған ақпарат береді. Тіпті бір акушер-гинеколог «ВПЧ екпесі бедеулікке алып келеді» деп айтып, келесі сторисінде бедеуліктен сақтайтын өнімдерін жарнамалап, жазып қойғанын өз көзіммен көрдім. Әр «бадолог» үшін екпені тиімсіз ету ұтымды тәсіл. Елде вакцинаға қарсы пікір қалыптастырғаны үшін ақша алатын топ бар. Аттарын нақты айтпаймын. Олар тіпті бір-бірін әлеуметтік желіде қолдап отырады.

– Бала туылғаннан бастап оны қымтап, үйді өте жоғары температурада ұстайтындар, бірнеше ай бойы далаға шығармайтындар аз емес. Мұны «қамқорлық» дегенмен, зияны көп екенін жазбаларыңыздан білдік. Жас ата-аналар қандай қателікті көп жібереді?

– Бізде, қазақта салт-дәстүрге айналып, әбден қалыптасып қалған әдеттер бар. Мысалы, баланы тұзды суға шомылдыру, қойдың майын жағу, баланы шынғыртып, «жабыскан» жауырын ашу, мойнын созу. Олардан жайлап арғылып жатырмыз. Неге? Себебі баланың денесіне қойдың майын не басқа майларды жағуға болмайды. Өйткені, майлар арқылы аллергиялар, вирустар теріге өтіп кетеді. Нәрестенің терісі ересек адамға қарағанда өте жұқа. Ол қолымыздағы аллергияларды тез сіңіріп, бара-бара аллергияның реакциясы туындауы мүмкін. Шөпті, тұзды суға да түсіруге болмайды. Неге? Бұл бала терісінің аса жоғары өткізгіштігімен байланысты. Тұз, шөп, антисептикалық заттар баланың терісін зақымдайды.

Сонымен қатар балада «жауырыны жабысу» деген дүние жоқ. Ата-аналарға неге олай көрінеді? Себебі, жауырын астында май (бурый жир) болады. Сол май баланың өкпесін қорғап тұрады. Бұл майдың арқасында үлкен балалардкіндей екі жауырын көрініп тұрмайды. Жабысып тұрған секілді байқалады. Соны көріп, үлкен кісілер жауырынын ашу керек деп өте өрескел түрде массаж жасайды. Мұндайда баланың қолын шығарып, мықын сүйегін сындырып алу қаупі бар. Баланың мойнын созу керек деген де қате түсінік. Себебі баланың мойны ең нәзік, ең әлсіз жер. Бала 3 айға дейін мойнын дұрыс ұстай алмайды. Былқ-сылқ етіп тұрғандықтан, мойнын абайла дейтініміз сондықтан. Ал кейбір адамдар қырқынан шықпаған баланың мойнын созады, бұл оның омыртқа жотасын зақымдауы мүмкін.

Тағы бір қателік, баланы салқында шынықтырмау. Баланың үйде жалаңаяқ жүріп үйренуі, үй температурасының 24 градустан жоғары болмауы, бөлмені желдетіп отыру, балаға қанжылым, кейін салқындау су беріп үйрету, салқындау суға жуылдыру оның шынығуына, ауырмауына әсер етеді.

Мұндай шынықтыруды 8-9 айында бастаймыз. Бұл айларда тым қымтап ұстаудың қажеті жоқ. Бөлмені монша секілді ысытып, қабат-қабат киім кигізіп қоюдың да қажеті жоқ.

Жас ата-аналардың тағы бір білместігі – баланың қызуы көтерілгенде қабат-қабат киіндіру, препарат бермеу. Баланың қызуы түсу үшін ибупрофен, парацетамол беру қажет. Бірақ байқағаным, кейбір ата-аналар баланың температурасының көтерілуі балаға пайдалы деп ойлайды екен. Бірақ олай күтіп отыруға болмайды. Ал кейбірі мұндай препаратты өте жиі береді. Өкпесі сырылдады, тамағы қызарды деп өте көп антибиотик тағайындайды. Ата-аналар өз бетінше баланы емдемеуі қажет. Бала ауырғанда артық іс-әрекет жасауға болмайды, тек білікті дәрігермен ақылдасу керек.

– Балабақша, мектептердегі тағамның қант нормасын төмендету туралы петиция жасалды. Бұған не себеп болды? Бала күніне қанша мөлшерде қант тұтынуы қажет?

– Бала 2 жасқа дейін мүлде қант тұтынбауы қажет. 3 жасқа дейін тамақ рационныңда тәулігіне 15

тұтынатын қант мөлшері 2-3 есе жоғары. Бала қантты әр тамақтанған сайын жейді. Ыстық тамақ, сүт, нан өнімдері, салаттарға да қосады. Оның бәріндегі қантты есептейтін болсақ, тәуліктік дозадан асып кетеді. Бала таңертең ғана емес, түсте де, түстен кейін де ас ішеді. Тағы да сол мөлшерде қант тұтынады. Балабақшадан қайтарда ата-аналар баласына тәтті әперіп үйреткен. Ол да дұрыс емес. Қант – қалыпты мөлшерде қажетті өнім. Бірақ өз мөлшерінен асып кетсе, бала ағзасына зиян келтіреді.

– Жуырда танысым 4 айлық баласы ана сүтін ембегендіктен, тамақ ішуге үйреткенін айтты. Бұл жалпы дұрыс па? 1 жасқа дейінгі балаларға қандай тамақтар беруге болады?

– Баланы 4-6 айдан бастап тамақтандыра беруге болады. Сәби ең бастысы тамақтануға қызығып, мойнын ұстап, аузына ас салғанда жұтуға бейімделген болуы қажет. Аузына тамақ салғанда түкірмеуі керек. Осы 3 белгі тамақтануға дайын дегенді білдіреді. Бала аллергияға бейім болса, тамақтануды ерте бастау керек. 6 айға толғанып күтудің қажеті жоқ. 4-6 ай аралығы «толерант терезесі» деп аталады. Ол уақытта жеген тамаққа болашақта аллергия туындамайды. Сондықтан балаға неғұрлым ертерек тамақ беріп бастаса, соғұрлым тамаққа деген аллергияның алдын алады. Жұмыртқа аллергиясы тамаққа жатады ғой. Сондықтан алдымен ағын, кейін сарысын жайлап 6 айдан кейін беруге болады.

1 жасқа дейін барлық тамақтарды беріп үйретеміз. Қолдан жасалған ас, дәмді дақыл, жарма, ботқаларға ійрету қажет. Тек қатты жаңғақтар мен дөңгелек пішінді жүзім секілді жемістерді беруге болмайды.

Айта кетерлігі, 1 жастан кіші балаларға бал беруге болмайды. Америкалық педиатрия академиясы балды 1 жасқа толмаған балаға беруге тыйым салған. Неге? Clostridium botulinum – жылы, оттегі жоқ жерлерді жақсы көретін қауіпті бактерия. Ол ботулизм ауруын тудыратын токсиндер шығарады. Міне осы бактерияның ұрығы (споры) балда бар.

Ересектердің ішектерінде қорғаныс функциялар жақсы дамыған, сондықтан ол бактерияларды тез залалсыздандырады. Ал 1 жасқа толмаған балалардың ішектерінде ондай функция жоқ. 1 жасқа толмаған балалар бал жесе, ағзаға бактерияның ұрығы түсіп, өсіп-өніп, токсин (у) шығарады.

Бактерияның дамуына ұзақ уақыт керек, сол себепті аурудың белгілері бірнеше күннен кейін көріне бастайды. Балаларда симптомдар тіпті бір айға дейін болмауы мүмкін.

Ботулотоксиннің ерекшелігі – жүйке жүйесін зақымдайды, паралит (бұлшықеттер жиырылмай қалады) дамиды, бала тыныс алмай қалады.

1 жасқа дейінгі нәрестелерге бұдан басқа барлық тамақты рационға қосуға болады. Тек қауіпсіздік шараларын ұстану қажет. Көкөніс, жемістерді баланың жасына сай турау қажет. 4-6 айлық балаға пюре етіп, 6-7,5 айда өте жұмсақ күйде ұзыншалап, слайс түрінде турап, 7,5-10 айда кубик тәрізді беруге болады. Уайымдап, үреймен жүретін аналар бар. Олардың балалары 1 жастан кейін де пюре секілді тамақтар тұтынады. 10 айлық бала тамақты сол күйінше қасықпен не қолымен ұстап жей алуы керек.

– Қазіргі бүлдіршіндер «Ағуша», иогуртпен өседі. Иогурттің құрамына қарасақ, тіпті көбі халал емес. Мұндай дайын өнімдердің пайдасы бар ма?

– Ең дұрысы тамақты анасының өзі пісіріп бергені. Алғашқы уақытта дәрумендердің бәрі сақталуы үшін баланың асын буда пісіру керек. Асқабақ, сәбіз, брокколи, түсті орамжапырақ бәрін бір ыдысқа салып, буда пісіруге болады.

Ал дайын өнімдерді басқа қалаға сапарға шыққанда, үйден алыс бір жерге барғанда ғана тұтынуға кеңес беремін. Өзіме судан басқа артық қопасы жоқ Gerber өнімдері ұнайды. Иогурттарға келсек, құрамын оқып, кармині жоқ түрлерін таңдауға болады.

– Балалар арасында кен таралған аурудың бірі – ангина. Тіпті мұнымен есейгенде де күресуіне тура келеді. Ангина неден пайда болады және оның созылмалы болуына не әсер етеді?

– Ангина дегеніміз – бадамша бездердің қабынуы. Жедел түрде өтетін патологиялық ауру. Тонзиллит, фарингит деп те аталады. ЖРВИ кезінде тамақ қызарады, сөл ауырсыну болады, бірақ қатты емес. Жөтел және мұрыннан маңқа ағады. Бұл – вирусты инфекция. Емді қажет етпейді, өзі бірнеше күннен соң кетіп қалады. Тек қызу түсіретін, ауырсынуды басатын ибупрофен беруге болады, жиі сұйықтық беріп отыру керек.

Бактериалды (стрептококкты) тонзиллит кезінде белгілер сәл өзгеше болады, сондықтан шатаспау үшін Стрептотест қолданған дұрыс. 5 минут ішінде бактериалды ма, жоқ па анықтап береді. Тезірек ем бастамаса, ревматизмге әкелуі мүмкін. Ревматизм кезінде жүрек, буындар, бүйрек және жүйке жүйесі зақымдалады. Бактериалды тонзиллиттің емі дұрыс дозда, дұрыс жиілікте, дұрыс ұзақтықта тағайындалған антибиотик.

Сондай-ақ зеңді тонзиллит деген болады. Бактериалды тонзиллитпен белгілері өте ұқсас, бірақ антибиотиктен ешқандай жақсару болмайды. Өйткені зеңге қарсы препараттар ғана әсер етеді.

Құрметті ата-ана, өз бетіңізше ешқашан баланы емдеуге тырыспаңыз. Артық қыламын деп, тыртық қылып алуыңыз мүмкін. Міндетті түрде дәрігердің кеңесіне жүгініңіз! Бір дәрігердің айтқандарына күмәндандыңыз ба, екіншісіне барыңыз, үшіншісіне барыңыз, бірақ өз бетіңізше ем қабылдамаңыз.

– Сұхбат үшін көп рақмет!

Сұхбаттасқан Айдана ЖҰМАДИНОВА



грамм, 3-7 жас аралығында – 20 грамм, 7 жастан кейін 25 граммнан аспайтын мөлшерде болуы керек. Бірақ біздегі мектеп, балабақшаларда балалардың



ЕРБОЛ МЫЛТЫҚБАЙ:

МАҚСАТ ҚОЙҒАН АДАМҒА ШАБЫТ ҚАЖЕТ ЕМЕС

консерваториясының бірінші курс студентімін. Әлі де білімді жетілдіруге ниет бар!

— Сізді халықаралық байқаулардың жеңімпазы ретінде есіміңізге қанықпыз. Осындай үлкен байқауларға қатысуға не шабыттандырды? Осы күнге дейінгі республикалық, халықаралық деңгейдегі жетістіктеріңіз жайлы айтып берсеңіз.

— Иә, негізгі барлығы республикалық конкурстардан басталады, олардан да жеңімпаз атандық. Ал халықаралық деңгейдегі үлкен байқауларға қатысуыма себепкер болған әуелі Алла, одан кейін өзімнің ұстазым Әсия Боранғұлова. Қазір де консерватория қабырғасында Әсия ұстазымнан білім алып жатырмын.

Бастапқыда қорқаныш, сенімсіздік болды, әрине. Халықаралық конкурстарға қатысып, орын ала аламыз ба деген секілді. «Вавилондағы ең бай адам» атты кітапта айтады «ер табысыңның оннан бір бөлігін жинап қой және ол ешқашан болмаған секілді ұмыт» дейді. Сол секілді мен де Латвия мемлекетінде өтіп жатқан байқауға видео түсіріп, құжаттарымен бірге жолдадым да ойымнан шығарып тастадым. Ешкімге айтпадым. Байқау нәтижесі шығып, қолыма диплом келгенде сенбей, тексерістен өткізіп, ұйымдастырушыларға хабарластық. Расында да осы жарыстан бірінші орын алғаным көзімді жетті. Сол кітапта жазылғандай, менің бұл конкурстағы сенімім болашақтағы конкурстың барлығына рухани инвестиция болды деп айта аламын.

Сегізінші сыныптан бастап түпкі мақсатымды қоя бастадым. Әлі күнге дейін жылдарға, айларға, апталарға бөліп, қойын дәптеріме жасауым тиіс жұмыстарды тізіп қоямын. Күніне кемінде бес жұмысты өзіме міндеттеймін. Оның біреуі орындалмай, қалған төртеуі орындалса да сол күнді «х» белгісімен таңбалап қоямын. Осылай отыз күнді толық жоспарлаймын. Адам өз бойына жақсы жағынан әдет қалыптастырса, ол түптің түбінде мақсатына жеткізеді.

Бір жеке-жеке жеңсең, екіншісіне де құлшынысың арттып, өзіне сенімді бола түсетіңді секілді бір мақсатқа жеткен соң келесі конкурстарда да жеңе аламын деген сенімділік пайда бола бастады. Келесі қатысқан ауқымды конкурсы Италияда өткен «Italia Award» байқауы болатын. Жеке орындауымда «Classical junior», «Virtuoso junior», ал дуэттік орындауда «Junior ensemble» деп аталатын үш түрлі категория бойынша қатысып, үшеуінен де 95-тен аса ұпаймен абсолютті жеңімпаз атандық.

Қандай байқау болмасын қолдауын аямайтын ата-анам мен келініштім, ұстаздарым. Осы кісілердің амандығын тілеймін.

— Қай байқау сіз үшін ең маңызды, әрі ерекше есте қалды?

— Мен үшін әрбір байқаудың орны ерекше. Бір қызықты оқиғаммен бөлісейін. Студенттік жасымда Таразда өтетін байқау жайлы естідім. Естідім де дуэт болып қатысуға бір дос жігітке ұсыныс айта бастадым. Ол бірден құптап қоймады. Себебі жол, жатын орын барлық шығын өз мойнымызда еді. Мен ондай тұста ешқашан қашқан емеспін. Сөйтіп ол жігітті ақыры көндірдім. Апайымыз рұқсат бермейтінін іштей білген соң бірден оқу орнымыздың басшылығына тарттық. Қолымыздағы шақырту, қатынас қағазын көріп басшылық та біраз қарсылық танытты, бірақ қол қойып берді. Жасымыз он сегізге толмағандықтан рұқсат алу қиын еді. Апайымыз біліп қойған соң, байқауға өкем алып баратыным жеткіздім. Бірақ мұным өтірік еді. Досыммен бірге Тараз қаласына жеткенде ғана апайымызға досымыз екеуіміз келгенімізді айтып сурет жібергеніміз бар. Әлі күнге дейін есімізге түссе күліп аламыз. Сол конкурстан бірінші орынды иемденіп қайтқан едік.

Одан кейін ең ерекше есте қалғаны Ресейге барған байқауым. Ол кезде жалғыз өнер көрсеттім. Жүгімді жаныстырып жүргенде пойыз Астана уақытымен ерте жүріп кеткен екен. Мен жаңылып, кешігіп қалған едім. Дастан, Нұртуған ағаларымның көмегімен пойыздың ізінен қуып жетіп, шығарып салды. Семей арқылы келесі пойызды 9 сағат күтіп, шекарадан өтіп, Ресейдің Алтай өлкесіндегі Барнаул қаласына жеттім. Ол жаққа түн ішінде жеткен соң интернет роумингті қоса алмай, амалсыз вокзалдың полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгіндім. Қызығы таксистің жеткізген мекен-жайы дұрыс болмай шықты. Қолымда киім-кешек толы чемодан, арқамда жиырма келі баяным бар, түн ортасында бейтаныс бір көшеде қалып қойдым. Ұйқыдағы тұрғындарды оятып, сұрастыра келе межелі мекен-жайды да таптым. Орналасқан жатақханам өте көне әрі қорқынышты еді. Ертеңіне конкурстың ашылуы өтеді, екінші күні байқауда өнер көрсетемін. Осы орналасқаннан бастап екі-үш күн бойы ұйқы қашып, қызу дайындыққа кірістім, кейде сүре қосып көз шырмын аламын. Нәтижесінде екінші орынды иелендім. Сондай қиындығы да, қызығы да мол конкурс ретінде есте қалды. Байқауға қатысатынымды көп адамға айта бермеймін, барынша құпия ұстауға тырысамын. Кейде аяқ асты шешім қабылдап, кенеттен жолға шығып кететінім

де бар. Сол себепті жақындарым да білмей қап жатады.

— Аранжыршылық қырыңыздан да таныдық. Қандай әншілермен жұмыс істедіңіз? Студиядағы жұмысты жалғастыру ойда бар ма?

— Өнші, сазгерлермен жұмыс жасадық. Оның ішінде Нұртуған Жаңабай, Айдын Сәндібай, Тәуекел Айбатыр, Азамат Мырзабай секілді жігіттер бар. Әзір аса танымал әншілермен жұмыстас болмадық. Себебі олар өздерінің үйренішті адамдарына жасатады. Менде бірақ соларға дейінгі бастапқы жұмыстарым жасап беретін кездер болады.

Студиядағы жұмысты жалғастыру ойда бар. Оны әлі кеңінен дамытамын алдағы уақытта. Классикалық музыкадан алған барлық тәжірибемді осы аранжировкаға салғым келеді.

— Әлемдік деңгейдегі музыканттардан, композиторлардан кімдерді жаныңызға жақын тұтып, туындыларың сүйіп тыңдайсыз?

— Бізге классикалық музыканы көбірек тыңдаған пайдалы. Оны сезініп орындау үшін үлкен рухани байлық керек. Дегенмен студиялық жұмыстарға келгенде таным көзжиеңді кеңейту үшін және ән әлеміндегі жаңалықтардан хабар алып отыру үшін эстраданы да, басқаны да тыңдауға тиіссін. Ал классикалық музыкаға келсек, әрине Моцарт, Гендель, Бах міндетті түрде, Бетховен, Гайдн. Осылай жалғаса береміз... Шындығында мен музыканы мүлде тыңдамаймын деп айтуға болады. Кейде қызығушылық оятып отыратын уақыттар болады. Ал көлікте немесе жаю жүргенде, жалпы қолым қалт етсе көбіне көп аудиокітаптар, подкасттар тыңдаймын. Тіпті кейде жай ғана тыныштықты ұнатамын. Себебі «тыныштық – ең керемет әуен» деген сөз бар.

— Орындайтын репертуарыңызды қалай таңдайсыз? Көбіне классикалық немесе заманауи шығармаларды орындайсыз ба?

— Негізінен біз конкурстарға дайындалатын болғандықтан, емтихан тапсырарда байқауға сай келетін шығарманы таңдауға тырысамыз. Себебі әр шығарманы толыққанды үйреніп, жоғары деңгейде орындап шығу үшін кемінде жарты жылдай уақыт керек. Ал идеалды күйге жеткізіп, мінсіз шығару үшін екі-үш жыл уақыт кетеді. Бұл қазіргі тәжірибемен айтақанда. Ал бұрынғы, енді бастап келе жатқан тәжірибеге салсақ кемінде бес жыл керек шығар.

Конкурс ережелеріне сай көбіне классиканы таңдаймыз. Заманауи шығарманы таңдағын келеді. Репертуарыма қосып отыруға тырысамын. Себебі ауқымды кештерге шығып жүрмін, жеке кешімді бердім, алдағы уақытта ойда жүрген жобалар да бар. Осының бәрін жасау үшін міндетті түрде заманауи шығармалар қажет.

«Концерттік репертуар» және «конкурстық репертуар» деген болады. Мәселен, конкурстық репертуардағы шығармаларды ол жердегі қазылар алқасының өзі әзер түсінеді. Сондықтан оны қарапайым халықтың алдына әкеп орындай алмайсың. Халықты классикалық музыкаға қызықтыру үшін, жастарды баулу үшін оларға үйренішті, құлағына жақын заманауи музыкаларды ойнауға тура келеді. Оның өзінде классикадан алыстап кетпейтіндей шығарма болуы қажет.

— Шығармашылық шабытты қайдан аласыз? Мүмкін, белгілі бір композиторлар сізге ерекше әсер ете ме?

— Мақсат қойған адамға шабыт деген дүние қажет емес деп ойлаймын. Нақты мақсат қоя білсең «қазір менде шабыт жоқ, мотивация жоқ, көңіл-күйім жоқ» деп отыра алмайсың. Сол мақсатқа жетуге әрекет ету керек. Әсіресе ер адам жасағысы келгенді емес, жасауға міндетті нәрсені істеуі керек. Сондықтан шабытты аса қажет есе бермеймін. Бірақ оны осы музыкадан ғана аламын.

Белгілі бір композиторлар әрине әсер етеді. Мысалы Пьяццоланың «Либертанго» атты туындысы бар. Көпшілікке таныс деп ойлаймын. Бұл «еркіндік» деген мағынаны білдіреді. Сол кісінің көзін көрген досы Ришар Гальяно



есімді композитордың да атакты шығармалары бар. Осы қос кісінің шығармашылығынан шабыт аламын.

Тек композиторлардан ғана емес, кәсіби орындаушылардан да шабыт алуға болады. Мысалы, Айдар Гайнуллин, өзімнің ұстазым Ғалымжан Нарымбетов.

— Өзіңізді композиторлық қырыңыздан сынап көрдіңіз бе?

— Иә, композиторлық қырымды мектеп қабырғасында жүргенде байқадым. Тіпті бір адамға арнап қырықтан аса ән жазған кездерім болды. Кейін қысылдым ба, әйтеуір ән жазуды қойдым. Бірақ әлі күнге дейін бойымды әлдебір эмоция билегенде ішімдегіні әнмен, әуенмен шығаруға тырысамын. Оларды бірақ ешкімге көрсете бермеймін. Жазып жүрген, жарыққа шығарғым келетін әндер бар. Мысалы келінішіме арнап жазған «Дана» атты шығарма осы уақытқа дейін төрт-бес сахнада орындалды. Мен ғана емес, басқалар да орындап жүр. Ол туындыға қызығушылық танытып, нотасын сұрап жатқан кісілер де бар екен естуімше. Бұйырса сол шығарманы ұстазымның ансамбліне лайықтап түсіргелі жатырмын.

— Алдағы уақытта қандай жобаларды қолға алып немесе қандай байқауларды бағындырғыңыз келеді? Он жылдан кейінгі Ерболды қалай елестетесіз?

— Қатысу керек конкурстар көп. Германияда өтетін «Клинтенталь», Италияда өтетін «Кастельфидардо» және «әлем кубогы», «Ресей кубогы, чемпионаты», «әлем трофейі» деген конкурстар бар. Әркім статусына қарай қатысады. Бұған дейінгі байқаулардан жиған тәжірибелерге сүйене отырып осындай жоғары деңгейлі байқауларға қатысып, алдағы бес жылды конкурстық карьерға нүкте қойғым келеді. Содан кейін жеке орындаушы ретінде концерт беріп, байқауларға қазылық етуге дейін өскім келеді бұйырса. Ойда жүрген жобалар бар. Жаңа айтқан ұстазым секілді септет немесе квартет құрғым келеді. Бұдан басқа да жобалар бар ойда жүрген. Келінішіммен бірге кеш бергенбіз. Сол репертуарды кенейтім келеді.

Он жылдан кейінгі Ерболды консерваторияны, магистратураны тәмамдаған кәсіби һәм білікті маман ретінде елестетемін. Әлгіңде айта келген конкурстардың барлығының лауреаты атанған, тіпті сол байқауларға қазылық етіп жүрген, елде классикалық музыканы дамытушы, Қазақстанда ғана емес, шетелдерде концерт беріп жүрген тұлға ретінде елестетемін.

Шығармашылық, өнер адамдарында рухани дамуға ұмытылғыс болған соң материалдық тұрғыда қызығушылық бола бермейді. Шаңырақ көтеріп, отбасылы болған соң пайда болып жатады. Бірақ бұл қызығушылықтан емес, қажеттіліктен деп ойлаймын. Өз болашағымыз сондай қажеттіліктеріміз толыққанды өтелген, бар назарымыз отбасылық дүзтке, яки осы шығармашылық жолына аударған адам ретінде елестетемін. Арман көп қой адам баласында. Бір кісі қойған мақсатыңды құпия ұста дейді. Біреу айналаңа айтып жүр дейді. Себебі америкалық бір кісі «Мен Обамамен баскетбол ойнаймын» деп таныстарына жиі айтады екен. Оны бұл күлкі ететін көрінеді. Ел құлағы елу емес пе? Әңгіме тарап, әзіл мен кекетуге ұласып кетіпті. Күндердің күнінде бұл әңгіме министрлердің, одан Обамамен құлағына жеткен екен. Сөйтіп ел президенті ол кісіні іздеп, шынымен де баскетбол ойнаған деседі. Сол секілді айта жүріп, мақсатыма әйтеуір бір күні жететін шығарым деп үміттенемін. Түпкі арман-мақсатым бір жобадан тұрғанымен, ой-пікірім, көзқарасым өзгеріп отырады.

— Әсерлі әңгіме үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Аружан ОРАЛБAY

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – Қазақстандағы беделді білім ордаларының бірі. Кейінгі кезде бұл жоғарғы оқу орнының оқ бойы озып, жыл санап дамып келе жатқанын байқаймыз. Осы ретте Қорқыт ата университетінде білім алып жатқан студенттердің, білім, ғылым, тәрбие, мәдениет пен спорт хәм өзге салада ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріне, әсіресе спорт бағытына шолу жасауды ұйғардық.



СПОРТШЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ ЖОҒАРЫ

1937 жылы құрылған университет қазір 5 институт пен 24 кафедра бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Мұнда 550-ге жуық профессор-оқытушы, 10 мыңнан астам студент бар. Университет жастардың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөліп, мәдени-рухани және спорттық мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп келеді.

Қорқыт ата университеті тақырыбымызға арқау болған спорт саласының дамуына ерекше назар аударады. Мұнда студенттердің денсаулығын нығайту мен олардың спорттық қабілеттерін шыңдау үшін барлық жағдай қарастырылған. Университетте 13 спорт секциясы жұмыс істейді. Сонымен қатар студенттерге 6 заманауи спорт және фитнес залы, 1 жүзу бассейні, 4 ашық ойын алаңы, алғашқы әскери дайындыққа арналған саптық алаң қолжетімді.

Университет спортшыларының жетістіктері айрықша мақтауға лайық. Мәселен, XII Жазғы Универсиада қорытындысы бойынша, Қорқыт Ата университетінің спортшылары үздік ондыққа еніп, 37 медаль жеңіп алды. Солардың бірі – Ерасыл Бекболат. Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті Ерасыл-университеттің мақтанышы. Ол каратэ-додан әлем чемпионы, Қазақстан чемпионатының екі дүркін чемпионы, республикалық турнирлердің бірнеше мәрте жеңімпазы атанған. Сондай-ақ каратэ-додан спорт шебері атағына үміткер.

Ерасылдың спортқа деген қызығушылығы мен табандылығы оны үлкен белестерге жетелеп, оқу қабырғасына үздіктер қатарынан табылып келеді.

Ел байрағын көкке көтеріп жүрген спортшылардың қатарында Әлижан Алматов есімді азамат та бар. Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті Әлижан Мамыржанұлы грепплинг спортынан Қазақстан, ашық Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы және күміс жүлдегері. Әлем чемпионы атағын алған ол үлкен жетістіктерін облыстық жарыстардың бірнеше мәрте жеңімпазы болып бастаған. Панкратионнан Қазақстан кубогының чемпионы, сондай-ақ грепплинг пен панкратионнан спорт шебері атағына үміткер.

Әлижанның айтуынша, университет спортшыларға керемет қолдау көрсетеді. Спорттық жарыстарға дайындалуға қажетті жағдайлар жасалып, мотивация беретін шаралар ұйымдастырылады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті өңір студенттердің спорттық әлеуетін дамытуда ерекше үлес қосып келеді. Заманауи инфрақұрылым, білікті жаттықтырушылар мен жоғары деңгейдегі жарыстарға қатысу мүмкіндіктері – осының бәрі университет спортшыларының жетістікке жетуіне негіз болады. Бұл университеттің спорт саласында ғана емес, жастарды жан-жақты дамытуда айқын рөл атқаратындығының белгісі.

Айнұр ДОСЖАНОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
3 курс студенті



«Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені – университеттің басты спорттық құрылымы. Оның негізгі мақсаты – студенттер мен оқытушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және дене шынықтырумен тұрақты айналысуға ынталандыру. Бұл кешен университеттік, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі спорттық іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады.

«Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттер заманауи мультимедиялық құрылғылармен жабдықталған аудиторияларда оқиды. Факультет әлемдік деңгейдегі спортшыларды дайындауға бағытталған. Қазіргі таңда университетте әлем чемпионатының 9 жеңімпазы, Азияның 27 жеңімпазы, Қазақстан біріншілігінің 120 жеңімпазы білім алуа. Бұл көрсеткіш университеттің спорт саласында жоғары деңгейде екендігін дәлелдейді.

Кітаптар мұңы

Әне-міне дегенше, оқу жылы да аяқталып, соңғы қоңыраудың үні естілді. Оқушылар өткізген оқулықтарды кітапханашы апай кітапханаға әкеліп, өз орындарына орналастырды. Кітапханашы жұмысын бітіріп, сыртқа шыға салысымен, бөлме іші кітаптардың айқайымен шулап кетті.

Сөзді математика оқулығы бастады: – Мен Арман есімді жақсы баланың кітабы болдым. Сынып ауыстырғаннан кейін ол дем де өзгеріп кетті. Қаламының сиясын үстіме жағып, беттерімді сызды.

Сөзді жалғастырған әдебиет пәнінің оқулығы былай деді:

– Менің егемде жақсы болатын. Кейін сыныбына Сотқарбай есімді бала келіп, менің бетіме сурет сала бастады. Білесіндерме, бұған төзу өте қиын еді.

Қазақ тілі болса: – Ал мен... – дегені сол еді, кітапханашы келіп, кітаптарды жинап алып кетті. Кітаптар іштей қоқысқа лақтыратын шығар деп ойлап еді, алайда оларға жана өмір сыйлау үшін баспаханаға апара жатыр екен. Ол жерде кітаптарды қайта өңдеуден өтіп, жана өмірге мүмкіндік алды.

Тахир ЕРЖАНҰЛЫ,
М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің 4 «В» сынып оқушысы

Мен бақытты баламын

Анам менің – жүрегім,
Әкем – өмір тірегім.
Әжем – асыл ардағым,
Атам – дана қорғаным.
Ағам – қамқор, асқар тау,
Қарындасым – қанатым.
Туған жерім мен үшін,
Боламын мықты сен үшін.

Отаным, елім – жаннатым,
Мен – бақытты баламын!

Динар ЕРЖАНҰЛЫ,
М.Шоқай атындағы
№187 ІТ мектеп-лицейінің
3 «Б» сынып оқушысы



БАЛАЛАРДЫ КІТАП ТЕАТРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ

Қазір қоғам талабына сай өзекті мәселелердің бірі білімді де парасатты, рухани құндылықтарды биік мақсат тұтатын азаматты тәрбиелеу болып отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларының рухани адамгершілік құндылықтарын жетілдірудегі шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттерінің бірі.

Өнерге деген қызығушылықтың дамуына ықпал ететін балалардың шығармашылық қабілеттері ерте жаста қалыптасады. Театрландырылған әреке – өнердің бір түрі.

Театрландырылған әрекет шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге жағдай жасайтын музыка, би, көркем сурет, шешендік өнер, актерлік шеберлікті, сонымен қатар рухани адамгершілік құндылықтарын да қамтиды. Сахналық қойылым арқылы бала қоршаған ортаны тани бастайды, ненің жақсы, ненің жаман екен біледі. Осы тұрғыда М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде ұйымдастырылған «Мен зерттеуші» атты зерттеу-жобалау байқауында Ұлжан Есмаханова апайдың жетекшілігінің арқасында «Кітап театры» жобасымен 1 орынды иелендім.

Балабақшадағы «Кітап театры» жобасы – мектепке дейінгі балалардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттыруға арналған тың бастама. Жобаның басты мақсаты – балаларды кітап оқуға баулу арқылы олардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру және шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамыту. «Кітап театры» жобасы арқылы «Оқуға құштар балабақша» бағдарламасының талаптарына сай балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру көзделді. Жобаның негізгі міндеттері:

– Балаларды кітап бұрышымен таныстыру және кітапқа құрмет көрсетуге баулу;

– Коммуникативтік дағдыларын дамытып, шығармашылық әлеуетін арттыру;

– Көркем шығармаларды сахналық қойылымдар арқылы жеткізуге үйрету.

Жобаның негізгі бағыттары төмендегідей:

1. Кітап бұрышын ұйымдастыру және толықтыру.

Балабақшада арнайы кітап бұрышы жасалып, ертегі кітаптар, балаларға арналған танымдық әдебиеттер орналастырылды. Ата-аналар кітап бұрышын толықтыруға белсенді қатысты.

2. «Кітап – біздің досымыз» іс-әрекеті

Балалар кітаптардың мазмұнымен танысып, оның сақталуына қамқорлық танытты. Жыртылған парақтарды желімдеп, кітаптарды қорғау мәдениетін үйренді.

3. Мобильді кітапханаға саяхат
Мобильді кітапхана арқылы балаларға QR-код көмегімен ертегілердің мультфильм нұсқаларын көру мүмкіндігі ұсынылды. Бұл әдіс балалардың визуалды және тыңдау арқылы ақпарат қабылдау қабілеттерін арттырды.

4. Ата-аналармен жұмыс
Ата-аналарға балалардың үйде кітап оқуға қызығушылығын оятуға арналған кітап бұрышын жасау ұсынылды. Бұл ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, бірлескен шығармашылық әрекетті қалыптастырды.

Жоба барысында келесідей нәтижелерге қол жеткіздік:

– Балалар кітап оқудың қызықты екенін түсініп, ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдауға қызығушылық танытты;

– Балалардың сөздік қоры, сөйлеу дағдылары мен коммуникативтік қабілеттері дамыды;

– Ата-аналардың жобаны жүзеге асыруға белсенді қатысуы отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтты.

Қорыта келе, «Кітап театры» жобасы балалардың оқу мәдениетін арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуда тиімді құрал екенін көрсетті. Мұндай жобалар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жана деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді. Алдағы уақытта жобаны кеңейтіп, заманауи технологияларды пайдалана отырып, жана әдістерді енгізу жоспарлануда.

Айдана АЛДИЯРОВА,
М. Мәметова атындағы

Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің 4 курс студенті

«ҰЛПАН» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОБРАЗЫ

Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романында қазақ әйелдерінің образы ерекше сипатталады. Ең алдымен автордың өзіне тоқтала кетсек. Ғабит Мүсірепов – қазақтың халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Оның көптеген шығармалары бәрімізге таныс, дегенмен соның ішіндегі «Ұлпан» романы айрықша рөл ойнап, оқыған әрбір жанды тебіренеті анық.

Не себепті автор бұл романда қазақ әйелдерінің образын ерекше сипаттаған деп ойлайсыз? Иә, автор романдағы әйелдер образы арқылы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, ұлттық ерекшеліктерін хәм әйелдердің сол қоғамдағы орны мен мәртебесін ашып көрсетуді мақсат тұтты. Романдағы басты кейіпкер – Ұлпан. Бұл кейіпкер арқылы жазушы қазақ әйелдерінің жарқын әрі үлгі тұтар бейнесін көрсетті.

Ұлпан тек өзін ғана емес, айналасындағы адамдардың қамын ойлайтын, қарапайым халықтың мұң мұқтажына құлақ асатын өте жанашыр ана ретінде сипатталады. Қазақ әйелдерінің рөліне тоқталатын болсақ, олар қиын өмір сүргеніне қарамастан, өз отбасының тірегі бола білді. Ұлпанның бейнесі әйелдердің шыдамдылығы мен сабырлығын айшықтайды.

Қорытындылай келе, бұл роман қазақ әйелдерінің қоғамда әрі отбасында ерекше орын иеленетінін көрсетуге бағытталған. Ғабит Мүсірепов роман арқылы әйелдердің ішкі мұңын, батылдығын халық көкейіне жеткізе білді.

Мерей ҚАЛАБАЙ

ЗИЯЛЫ ТҰЛҒА ДЕГЕНІМІЗ КІМ?

Үлкен шараларда немесе теледидардан зиялы қауым деген сөзді жиі естігіміз рас. Мектепте осы тақырыпта шығарма жазуды тапсырғанда бұл сөздің мағынасына үніде түстім.

Ескіге үңілсек, қазақтың зиялылары көп болған. Әрқайсысы өзіндік болмысымен, тұлғалық қабілетімен, мақсаттарымен ерекшеленді. Ал олардың сөздері, п а й ы м д а у л а р ы бір болғанымен, халық оны әрқалай түсінгенді.

Білуімізше, кез келген білімді адам зиялы бола алмайды. Зиялы болу үшін білімділікпен қатар парасаттылық, байыпты көзқарас пен көрегенділік қажет. Біз ті білетін зиялы тұлға деп хәкім Абай-білетін зиялы тұлға деп хәкім Абайды айтсақ болады. Өзінің ғана емес, халықтың жағдайын ойлаған Абай даналық сөздерімен өзгертеге бағыт берді. Қара сөздері арқылы бүгінгі заманның шындығын ашып көрсетті. Кейбір қазақ зиялыларының болашаққа болжамы расыменде орын алып жатқандай.

Зиялы деген сөздің қадір-қасиетіне жету, осы сөзге лайықты болуға әрбір қазақ міндетті. Сондықтан зиялы деген сөзді естуге ғана емес, шынмен де зиялы тұлға болуға тырысуымыз қажет.

Нұрсая ӨТЕМҰРАТ,
Б.Кеулімжайұлы атындағы
№226 мектеп-гимназияның оқушысы

Жыл сайын түрленетін тренд нәзік жандылардың назарынан тыс қалмайды. Иә, стиль – өнді ашатын өзгеріс. Париж сән академиясының түлегі, стилист Ақсәуле Серікқызының да айтар ойы біраз. Жарасымды киінудің тәсілімен бөлісіп, талай сұлуға көмектесіп те жүр. Әуежайда ұшақ күтіп отырғанында жауап берген еді. Тығыз уақытта біз де керектіні түртіп алуға тырыстық.

ШЕКТЕУСІЗ САНА ҺӘМ ШЕКАРАСЫЗ СӘН

«Louis Vuitton» кофейнясындағы лебіз

Негізі мамандығым – педагог. Бірақ сәнге қызығушылығым жоғары болғандықтан, білім алып, өзімді осы салада да көрсеткім келді. Қай мамандықта оқысаң, сонымен жұмыс істеу керек деген түсінік бар ғой. Осылайша ұзақ жүріп қалдым. Дегенмен өзіме үніліп, жан қалауымды ұғынып, сән әлеміне қадам бастым. Әрі бұл қолымнан келген сияқты. Өйткені, қаншама адаммен жұмыс істеп, стилін қалыптастыруға көмектесіп, алғысын да алып жүрмін. Мен үшін сән – өнер. Өзінің бірегейлігіңді көрсетуге ықпал етеді. Сән арқылы мықты тұстарыңды айқындап, сенімділікті арттыруға болады.

Қыркүйек айында Париж сән академиясында білім алып, тәжірибе жинақтадым. Сол уақытта бүкіләлемдік сән апталығы да өтті. Сәнге қызығушылық жергілікті тұрғындарынан бірден байқалады. Бөлек киім-киісі мен безеде болмысы да соған дәлел. Әрқайсысының сән туралы өзіндік көзқарасы қалыптасқан. Мысалы, «Louis Vuitton» кофейнясына барып, кофе ішкенімде сондағы күзетші киіміме, жалпы стиліме жағымды пікір айтып, «Сіз былай істеспіз, ал мен былай үйлестіретін едім» деп ойын айтты. Таңқалдым.

Талғамдары да жоғары. Олардың ерекшелігі де сол, сәнге қызығушылықты балабақшадан үйретеді екен. Сонымен қатар Наполеонның жауға шапқанын, қай елді басып алғанын ғана емес, оның қандай түсті ұнатқанын, сүйікті жылқыларының түсі қандай болғанын да айтатын көрінеді. Парижде сәнің тарихын оқып, түрлі музейді араладық. Сонда байқағаным, 80 жастан асқан ата-әжелер мен кішкентай балалар да демалысқа қарамастан музейге барып жүр. Бір қызығы, музейде бұрын қойылған дүниелер қазір трендте, әлі де өзекті. Нағыз сұлулықтың ортасында шабыт алып кайтқан ерекше сапар болды.

Стиль психологиясының сыры

Стилист ретінде ұсыныспен тұтынушының гардеробын жаңартып, жаңа образ құрастыруға көмектесемін.

Гардероб талдау кезінде мынадай кемшіліктерді байқаймын. Яғни, эмоциямен және жаппай сатылымда алынған киімдердің көптігі. Олар кейін киілмей, бүктеулі күйі қалып қояды. Себебі адам ойында ешқандай образ құрастырмай, жай ғана сатып алған. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі жарнамаға сеніп, киім-кешек алатындарды жиі байқаймын. Жалпы, образ жинақтауда да ескеретін критерийлер бар. «Ол қайда жұмыс істейді?», «уақытыңның басым бөлігін қайда өткізеді?» деп өмір салтына айрықша мән беремін. Оның ішінде кеңседе жұмыс істейтіндер де, үйде отыратын аналар да болуы мүмкін. Мысалы, 30% құрбыларымен қыдырғанда киетін, 20% іскерлік шараларға, қалған 20% балалармен уақыт өткізуге арналған деп күнделікті және қызметтегі образын қатар қарастырамын. Кәсіби тұрғыда мен тандап берген киім тұтынушының көңілінен шықпаса, пікірімді тықпаламаймын. Керісінше, «өзіңізді осы образбен қалай сезініп тұрсыз?» деп сұраймын. Өйткені, ортада образбен өзін қалай ұстайтыны, жайлылығы, ішкі сезімі маңызды. Егер, менің қалауым бойынша алып кетсе, кейін киілмей қалуы ықтимал. Ортақ келісімге келіп, ойымыз бір жерден шықса құба-құп. Көп адам алғысын айтқанда жұмысымының нәтижелі болғанын сезінемін. Бұл – үлкен қуаныш.

Кейбірі «сұят» немесе «маған жараспайды» деген желеумен жаңа стильде киінгісі келмейді. Тіпті, жарқын түсті киімдерді киетін арулар сирек. Бірақ қалауымыз өзімізге аян. Талғамға сүйеніп, таңдағанды кию әбестік деп ойламаймын. «Жарқын түсті киінген әйелдің көңіл-күйін ешкім түсіре алмайды» деген Коко Шанель. Расында да солай. Бұл тұста, әр тұлғаның стиль психологиясын атап өтуге болады. Мысалы, бір қыздар көрінбегенді, білінбеуді қалайды және солай киінеді. Ал, мен жарқын түстерді жақсы көремін. Елдің назарында болған ұнайды. Стиль психологиясы бойынша «актер» типіне жатамын. Кез келген жерде жинақы әрі жарасымды киіну өзің сөйлемей тұрып-ақ, келесі адамның сені қабылдауына бірнеше секундта әсер етеді. Сенімділік пен өзіңді тыңдата алуына да ықпал етеді. Стиль тек сыртқы көрініс емес, жандүниенің бейнесі.

Париждегі пайым һәм трендтегі түстер

Сән әлемінде 2025 жылды «саналылық жылы» деуге болады. Себебі, сән үйлері бұрынғыдай емес, бетбұрысы басқаша. Жайлылықты ескеріп, соны тренд қылуға. Мысалы, белдемше мен үлкен аксессуарларды сәнді десек, ыңғайлылығына лайықтап, жайлы аяқ киіммен үйлестіріп киюге болады. Яғни, адамның өзін жайлы әрі еркін сезінуі маңызды болып отыр. 2025

жылдың сәннен беретін хабарламасы – стильдерден микс жасаудан қорықпау. Келер жылы тренд ретінде 5 түс белгіленген.

Ашық қызыл, қызанақ түсті қызыл түс. От қызыл деп те айтады. Мұны көбіне эксперименттен қорықпайтын, өзіне сенімді адамдар киіледі. Қою көк, қою қоңыр, ақшыл түстермен үйлестіруге болады.

Күлгін түс. Трансформация мен жаңашылдықтың түсі.

Қанық көк. Бұл түс классика, «old money» стильінде көбірек үйлесім табады. Қаталдау түске жатады. Ақ түспен сәтті үйлесім табатыны анық.

Алтын, бал сынды сарғыш түс тренде. Бұл оптимизмді білдіреді. Осы түстегі аксессуарлар образға градус беріп тұрады. Ақ ақшыл түстермен әдемі үйлесім шығады.

Лайм түс. Жаз мезгілін есімізге түсіреді. Желділік және балғындық сезімін беріп тұрады. Менің сүйікті түсім. 2025 жылы осы түсті күлгінмен үйлестіруге басты тренд болмақ. Парижде оқып жүргенде білдім.

Жалпы, сәндегі жаңалық трендке дейін жетіп, кейін қызығушылық бәсеңдеп, ұмытыла бастайды. 20-30 жыл бұрын трендте болған киім, кейін қайтадан сәнге оралады. Мысалы, биыл винтажды ретро тондар ерекше сұранысқа ие. Сондай-ақ жұмысшылардың киімі, джинсы комбинезондарды, атаның күртешесін сәнқойлар қайта сәнге әкелді. Осылайша сән шеңбері айналып жүре береді. Сондықтан жақсы сақталған, сапасы құрымаған киімді заманауи киіммен үйлестіруге артық етпес. Тіпті заманауи аксессуарды қосып жіберсеңіз, жаңа мәнге ие болады. Негізі тренд қуып немесе тренд емес деп лақтыруды қолдамаймын. Адам өз табиғатына сай, өзін жақсы сезінетін киімдерді кигені жөн.

Саяхаттағы сарқылмас сезім

Жиі саяхаттаймын. Бұл да өмірімнің бөлігі. Екі-үш ай елден шықпаса, саяхаттағым келіп, шыдай алмай отырамын. Саяхат – тек демалыс емес, дүниетанымды кеңейтіп, санаға серпіліс беретін үлкен мағынаға ие. Әлемді әр қырынан танып, түрлі мәдениетті көріп, түрлі адаммен араласудың мүмкіндігі. Идеяға келетін кезең де осы. «Өмірді қалай сүрдім?» деп өзіме сұрақ қойып, өткеніме көз тастағанда, саяхатым көп болса өкінбес едім. Өйткені, әрбір естелік пен аяулы шақ, тәтті естеліктер адам жанын сәулелендіреді.

Жаныма тыныштық сыйлайтыны көк аспан мен теңіз. Теңіздің дауысы, қатты тербелген толқыны – нағыз терапия. Жаз мезгілінде Түркияның Алачаты ауылында болдым. Сондағы Егей теңізінің толқындары бөлек махаббат. Бақыттан толқып, шүкірлігімді айта беремін. Швейцарияның Лаутербруннен ауылындағы көрініс те айрықша. 3 жыл өтіп кетсе де есті естелігі жадымда. Ауылдағы әрбір деталь, әрбір сұлулық, бір ғасыр бұрын салынған ағаш үйлердің сақталуы, жинақы есік алды мен гүлдері, балалардың ойнағаны таңғажайып көрініс. Ал, Парижде әр барған сайын бойымды айтып жеткізе алмайтын бір сезім билейді. Лафайетте көшесіндегі шу, жаңа піскен круассанның иісі, Елисейдегі қымбат дүкендер, Эйфельдегі ығы-жығы туристер өзіне баурамай қоймайды. Сәт сайын сұлулыққа сүйсініп жүргенде, ластау көшесі мен кемшілігін елемейсің.

Әрине, саяхатта келеңсіздік те болады. Бірақ, одан күйремей, өзіңді тез жинап алу маңызды. Біріккен Араб Әмірлігі мен Парижде барғанымда сондай жайттар кездескен, десе де оптимизмді таңдап, өзімді позитивті ұстауға тырысамын. Саяхатта уақыт жылдам өтеді. Сондықтан, естелік заттар жинақтап, үйге алып кетемін. Оны қоятын арнайы бұрыш та бар. Саяхаттағы әсерлерімді еске түсіріп отырамын солай. Негізі бір саяхаттап көрген адам оның рахаты мен маңызын түсінеді. Қыз-келіншектерге айтарым, саяхаттаңыздар. Әр ару қайталанбайтын тұлға десек, даралығыңызды сән арқылы көрсетуге қорықпаңыздар!

Замира ҚОНЫСЖАН



Қазіргі қазақстандықтардың шетелге саяхатқа шығуы, өзге өркениетке қызығушылығы артып келеді. Бұрын алыс-жақын мемлекеттерге кәсіби дөңгелеген немесе қалада қызметі жоғары азаматтар шығағалса, қазір интернеті жоқ ауылдағы ағайындарға дейін бергісі Ташландық, арғысы Америкаға барып келді. Санаға ерекше серпіліс сыйлап, өмірге деген көзқарасы жетілдіретін мұндай саяхаттың жұмыр басты пендеге берері көп екеніне дауласпаймыз. Әсіресе, теңіз жағасында жан жадыратып, топ болып ұшқан шағаладан шаттық іздейтін, «құсшының» күресіне келіп, кофе ішуді шындыққа айналдырған саяхатшылар қатары қалып. Сол себепті түріктер туристерді несімен қызықтыратыны туралы ізденіп көрдік.

Кәрі құрлықтың өркениеті, даму қарқыны Орталық Азия елдеріне қарағанда әлде қайда көші ілгері екенін білеміз. Туристерді ынтықтыратын да өмір сүруге әбден лайықты елді бір көріп қайту. Дәл қазіргі сәтте осы арман жетегіндегі жүргендердің қалтасына қарайласатын ел – Түркия. Саяхатшылар мұндағы сапар туралы ой қозғағанда ең алдымен қонақ күтушілердің қызметі туралы айтады. Бірақ түрік еліне барғандар бассейнің жанында жатып алып, дәмді тамақ жеуден бас көтермейді дегенді білдірмейді. Бұл ел кез келген мереке үшін, көптен күткен демалыс үшін таптырмас қолайлы мекен. Тарих пен архитектуралық нысандарға бай ел дүниетанушылардың тамаша уақыт өткізуіне кепілдік береді.

Ел қазынасының басым бөлігі туристерге бағытталған. Туризмге бөлінетін қаржы да, одан түсетін пайда да қоммақты. Сондықтан қызмет көрсету өте жылдам қарқынмен дамып келеді. Кейбір демалыс орындарында сіз тіпті қазақ тілді қызметкерлерді және қазақша сөйлейтін бала күтушісің таба аласыз. Жергілікті тұрғындар жайлы отбасылық демалыс үшін сізге барлық қажеттілікті тауып береді. Әр қона күйде ойын алаңдары, балаларға арналған аквапарктер де бар.

Бұл елдегі ойын-сауық қонақ үйден шықпай-ақ басталады. Көбінесе қонақжайлы және көңілді тұру үшін толық жабықталған. Туристерге ұсынатын жалғыз демалыс бұл емес. Әрине, ең маңыздысы – тарихи орындарға экскурсиялардың көптігі. Сондай-

ақ орта ғасырлық бекіністер, ежелгі монастырлар, жоғалған өркениет ескерткіштері бар. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнің тарихы, Византия және Осман империяларымен және олардан қалған құнды жәдігерлерді көзбен көре аласыз.



Жазда дайвинг, аквапарк, термалды бұлақтар, моншалар шетелдіктерге үздіксіз қызмет көрсетеді. Бұған табиғаттың өзі демеушілік етеді. Өйткені Түркияның төрттен бір бөлігін теңіз, яғни Мәрмәр, Қара, Эгей және Жерорта теңіздері шайып жатыр.

Түркияда арнайы шопинг-турға баруға болады. Қазақша айтсақ, төрт мезгілге арнап киім алып, құдалыққа кит аркалап қайтсаңыз құп. Себебі мұндағы бағалар көзді де, әмиянды да қуантады. Ыстамбұлдың және басқа да ірі қалалардың түнгі өміріне назар аударған жөн. Мұнда клубтық кештер жоғары деңгейде өтеді. Сондай-ақ әдеттен тыс демалыс түрлерін, мысалы, тау шаңғысы курортын немесе джип-сафариді көруге болады.

Сөзсіз, визалық режимнің болмауы туристер үшін ең бірінші артықшылық екенін айта кету керек. Оған қоса жылдың кез келген уақытында қолайлы субтропикалық климат еліктіреді. Ылғалдылық жұмсақ акклиматизация үшін тамаша, оны балалар мен қарт адамдар да жақсы және тез қабылдайды.

Айқын артықшылығы – ыңғайлы барлығын қамтитын жүйе, оның арқасында турист қай жерде түсі ас ішуге немесе коктейльге тапсырыс беруге алаңдамайды.

Кемшіліктерге келер болсақ, жазды күні адам қарасы қалың орындарда, мерекелік шараларда ұрылар сізді көк тынсыз қалдыруы мүмкін. Бұдан бөлек, такси қызметін пайдаланғанда жүргізушілер артық ақша алып қалудың амалын жасайтынын қаперде ұстау керек. Сонымен бірге мейрамханалар мен қонақ үйде тамақтану әлдейқайда қымбат екенін ұмытпаңыз.

Түркияда барған соң бір кесе түрік кофесі, тәттілер мен дәмдеуіштерді жемей кетуге болмайды. Сонымен бірге түрік моншасына бару артықтық етпейді. Ал базарда түріктермен саудаласуыңыз, олар мұндайды жақсы көреді.

Памуккале Түркиядағы ең көп баратын орындардың бірі. «Клеопатра бассейндері» деген лақап аты бар аппақ қарлы бассейндер әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартады. Бұл бәрінен бұрын денсаулыққа пайдалы нағыз гажайып. Көптеген адам денсаулығын жақсартып, стресстен арылу үшін осы жерге барады.

Византия мен Османлы мәдениетінің бірегей ескерткіші болып табылатын Стамбұлды ұмытпаңыз. Мұнда сіз бірнеше күн бойы қаланы аралай аласыз, бірақ ешқашан толықтай аралап үлгермейсіз.

Мұнда жыл сайын туризм инфрақұрылымы дамып, қолайлы жағдай жасау үшін қоммақты қаржы салуда. Мұнда дем алу кез келген әмиян мен талаптары бар турист үшін қолайлы болары анық.

Сартай БАЙЖАН

Бибарыс Әліш:

КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАҒА КЕЛУІМЕ ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ ТҮРТКІ БОЛДЫ

Жуырда талантты жастарды қолдайтын «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары анықталып, үздіктер белгілі болды. Республика көлемінде кіл мықтыларды саралайтын байқауда «Классикалық музыка» номинациясын жерлесіміз Бибарыс Әліш иеленді. Ақжолтай жаналықты естіген бойда жеңімпазбен байланысқа шығып, азы-көп әңгімесуді жөн көрдік.

Бибарыс Сауқенұлы – опера әншісі, халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты, Қазалы ауданының тумасы. Бүгінде Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің магистрі, сонымен қатар Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясында «Классикалық вокал» бөлімінің әкімшісі ретінде жұмыс істейді.

Сұхбат басында ол жастар үшін тағайындалатын дәрежелі сыйлықтың лауреаты атанғанына қуанышын жасырмады.

– Бұл – мен үшін үлкен мәртебе. Республикалық байқауға әр саладан дарынды жастар қатысады. Мұндай алаңда үздіктер қатарынан табылу мені әрі қарай еңбек етуге шабыттандырды, – деді ол.

Бетховен мен Моцартты естігенде көз алдымызға фортепиано елестейді. Бибарыс та өнерге бет бұрған шағында фортепиано сыныбында білім алған.

– Қазалы ауданындағы Қорқыт ата атындағы балалар музыка мектебінің фортепиано сыныбында оқыдым. Классикалық бағыттағы қазақ және шетелдік композиторлардың шығармаларын орындау арқылы музыканың тереңдігін сезіне бастадым. Кейін опера өнеріне деген қызығушылығым оянып. Опералық музыканы алғаш тыңдап, сахналық қойылымдарды көрген кезден бастап бұл өнерге ғашық болдым. Сол қызығушылықтың арқасында Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетіне оқуға түстім. Қазір магистратураға қадам басып, білімімді жетілдірудемін.

Классикалық музыкаға келуіме опера әншісі Ермек Серкебаев түрткі болды. Кішкентайымда теледидардан Ермек аға ойнаған «Севиля шаштаразын» көріп, қызығушылығым оянып. Сол кезде операның ғажайып әлемі мені баурап алды. Отандық өнер өкілдерінен бөлек әлемдік деңгейде маған шабыт беретін тұлға өте көп. Мысалы, Дмитрий Хворостовский, италиялық Лучано Паваротти сияқты даңқты орындаушыларды ерекше бағалаймын.

Әр адамның ұстазы болары хақ. Маған жол

көрсетіп, бағыт бағдар берген ұстазым – қазақ опера әншісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Азамат Қайратұлы, – деді Бибарыс Сауқенұлы.

Иә, музыка арқылы адамның жүрегіне де жол табуға болады. Кейіпкерімнің айтуынша, классикалық музыканың хәлі бүгінде жақсарып келеді.

– Елімізде опера, драмалық және музыкалық театрларының көбейіп келе жатқанына қуаныштымын. Қазірдің өзінде Астана, Алматы, Шымкент қалаларында опера театрлары бар. Бұл халықтың мәдениетке, өнерге деген қызығушылығының арта бастағанын көрсетеді. Театр өнерінің дамуы – қоғамның рухани өсуінің белгісі. Біз де осы өнерді дәріптеп, халыққа сапалы әрі мазмұнды дүниелер ұсыну үшін оқып, ізденудеміз. Көрермендердің саны да күннен-күнге көбейіп жатқаны қуантады, – дейді ол.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, классикалық музыка орындаумен қатар талантты жастың композиторлық қыры да бар көрінеді.

– Композиторлық қабілетім бар, бірақ жоғары дәрежеде дамыттым деп айта алмаймын. Кейде шабытым келгенде фортепианомен эстрадалық жанрдағы әуендер шығарамын, – деді Бибарыс Әліш.

Әңгіме барысында Бибарыс классикалық музыканы шексіздікке тенеңді.

– Классикалық музыка – мен үшін мәңгілік құндылық, шексіздік іспетті. Қазір түрлі жанр мен бағыттың пайда болып жатқанына қарамастан, ол өзінің ерекше орны мен маңызын сақтап келеді. Сол үшін де классикалық музыканы шексіздікке теңеймін. Ол ешқашан жоғалмайды, – деп кейіпкеріміз ой бөлісті.

Жұртшылықтың, өнер сүйер қауымның алдына шығып ән айту тыңғылықты дайындықты талап



Қызылорда қалалық «Жастар» театрының жылжабар жаңалығы – америкалық продюсер, режиссер Кен Людвигтің «Бикештер» музыкалық комедиясы болды. Өткен аптада репертуары жаңа туындымен толыққан театр өнерпаздарының қойылымына арнайы барып, жастар театрының кезекті бастамасына тілектестік білдірдік.

КӨП КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН КОМЕДИЯ



етеді. Бибарыстың көбіне қандай туындыны орындайтыны бізге қызық болды.

– Қазақ композиторларының туындылары жоғары деңгейде. Оның ішінде Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди жазған «Абай» операсындағы «Қай талқы» деп басталатын Абай кейіпкерінің ариясын жиі орындаймын.

Ал байқауларда көбіне ария немесе халық әнін орындаймыз. Себебі опера – классика. Мысалы, «Абай» мен «Евгений Онегин» операсындағы арияны орындасак, қазақ романының да орны ерекше. Мұхамеджан Сыздықовтың «Өзге көңілің тоярысы» романы жүрегіме, көңіліме жақын. Репертуарымнан тастамай, қалдырмай айтып жүремін.

Өуелде алдағы жоспарым туралы сұрадыңыз. Жоспар да, мақсат та өте көп. Ең бастысы қазақ елінің туындыларын шетел сахналарында орындап, ұлттық өнерімізді әлемге танытсам деймін.

Қазақтың туы желбіреп, өнер арқылы еліміздің абыройын асқақтатқым келеді. Сонымен қатар қасиеті деңгейімді шыңдап, жаңа биік белестерді бағындыру үшін айналай еңбек етуді мақсат еттім, – деп Бибарыс Әліш әңгімесін қорытындылады.

Шынымен де, опера – адам жан тербететін ерекше өнер. Бүгінде жастардың осы салаға бет бұрып, үлкен жетістіктерге жетуі көңіл қуантады.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫ МОЙЫНДАТҚАН 18 ЖАСТАҒЫ

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ



Өмір сүруге деген талпыныс – адам жүрегіңдегі ең мықты күш. Себебі бұл жалынның кез келген кедергіні бұзып өтетін қауқары бар. Бүгінгі кейіпкеріміз қиындық пен шектеудің шыршауығын шешіп, жаңа мүмкіндіктер есігін аша білді.

диагнозы қойылған бойжеткен көптеген қиындықты, соның ішінде буллинг пен бірнеше операцияны жеңіп шықты. Бір кездері сөйлей алмаса да, өзінің ойын әңгімелер арқылы жеткізіп, мүгедектігі бар балалардың армандары туралы «Үміт әрдайым жанымызда» атты анимациялық фильмін жасады.

«Inclusive Academy» негізін қалаушы, «SpeakUp» жобасының авторы ретінде Диана инклюзивтілікті ілгерілетіп, кедергілерді сәтті жойып келеді. Бұл бәседелді марапат Диана ханшайымның құрметіне тағайындалып, оң өзгерістер жасауға деген адалдығының көрінісі болды, – деп хабарлады Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігі.

Ал Уильям ханзаданың қолы қойылған ресми хатта жеңімпаздарды құттықтап, әлемнің түпкір-түпкіріндегі жеңімпаз жастарды көргеніне қуанышты екені жазылған. Дианының айтуынша, бұл оның өміріндегі маңызды күндердің бірі.

– Ресми хатты оқыған сәтте көзімнен еріксіз жас шықты. Себебі, күнделігіне мүмкіндігі шектеулі балалар туралы жазып, оларға көмектесуге уәде берген кішкентай қыз есіме түсті. Ол кезде бұл ұмтылыс мені осындай жетістікке жетелейді деп елестете де алмадым, – дейді жеңімпаз.

Әлқиссада айтқанымыздай, өмір сүруге деген талпыныс пен алға ұмтылу алдынан шыққан кедергіні бұзып өтуге көмектеседі. Ол адамды өзгертеді, өмірді өзгертеді. Өйткені шектеу – адамның өзінде ғана.

Инжу МАРЖАН

Диана Мұрзағалиева – семейлік 18 жастағы стартапер, волонтер, бірнеше әлеуметтік бастаманың авторы. Бірақ ядролық сынақтардың кері әсерінен оған 4 жасында дизартрия диагнозы қойылған.

– Менің жасымдағы балалар тақпақ айтып жатқанда, менің сөйлеуім түсініксіз еді. Инсулттан кейінгі ересектердің жағдайы секілді тілім мен бетімнің төменгі бөлігінде ішінара сал ауруы болды. Кейіннен аяғыммен де мәселелер туындады. Дәрігерлердің айтуынша, аурудың пайда болуы Семейдегі экологиямен де байланысты. Ем барысы өте ұзаққа созылып, тек 9 жасымда қалыпты сөйлей бастадым. Туған жерімде қажетті мамандар болмағандықтан Астанаға барып ем алдым, – деді Диана сұхбаттарының бірінде.

Сондай-ақ жеке тәжірибесінде түсініксіз сөйлегені үшін буллингке ұшырағанын да айтты. Қоғам арасындағы әлеуметтік мәселелерді өз басынан өткерген кейіпкеріміз сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға көмектесетін инклюзивті академия мен «SPEAKUP» жасанды интеллект қосымшасын құрған. Бұл жоба жаһандық

инклюзияны ілгерілетуге бағытталған. Яғни мақсаты физикалық дамуында қиындықтары бар адамдарды қоғамның белсенді өміріне қосу. Бала кезінде сөйлей алмаған Диана Мұрзағалиева өз ойын жазу арқылы жеткізіп, кейіннен мүмкіндігі шектеулі балалардың армандары туралы әңгіме құрастырған. Міне, дәл осы бастамасы арқылы «Үміт әрдайым жанымызда» атты анимациялық фильмі жарыққа шықты.

Ал жақында жас стартапер әлеуметтік саладағы белсенділігі мен жаңа бастамалары үшін ханшайым Диана атындағы сыйлықпен марапатталды.

«Diana Award» 1 жыл уақытын қоғамға түрлі қызмет көрсетуге арнаған жастарға табысталады. Бұл тізімде білім беру, қаржы жинау немесе қызмет көрсету секілді қызметтер қарастырылған. Қатысушылар бес бағыт бойынша бағаланады. Биыл байқауды қорытындылау үшін 30-дан астам елден 80-ге жуық ерікті жұмылдырылған. Ал қатысуға 1700 адам өтінім берген.

– Бар болғаны 18 жасында Диана Мұрзағалиева әлеуметтік бастамалары мен қоғамға қосқан ерекше үлесі үшін Диана сыйлығына ие болды. Ядролық сынақтардың салдарынан туған жерінде дизартрия

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7049
Тапсырыс: 1983